



АҚШ-ҚЫТАЙ ТЕКЕТИРЕСІ: ӘЛЕМДІК АЛПАУЫТТАР ӘСКЕРИ ҚУАТЫН АРТТЫРЫП ОТЫР

2



ТҰРҒЫНДАР ТЫНЫШТЫҚ ҚАЛАЙДЫ

6



«МЕНІ ДЕ СОЛАРМЕН БІРГЕ АТЫҢДАР!»

немесе «халық
жаулары» қалай
қудаланды?

9

Халықаралық жастар күнін мерекелеу шеңберінде Алматыда 18 іс-шара өтеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының өкілдері айтып берді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жастар игілігі үшін ұйымдастырылатын іс-шаралар ішінде: NEET санатындағы жастар арасындағы киберспорт бойынша чемпионат, конкурстың қорытындысын жариялау және «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттарын тапсыру, ашық аспан астындағы кино кештері, подкаст жазбалары, жастар челленджері мен қалалық квесттер, зияткерлік квесттер, «Ашық есік» күндері, «Jaz Energy» fest, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің отырысы, сенбіліктер және т.б. бар.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Қажденбек биылғы мереке үш бағыт бойынша өтетінін тілге тиек етті.

«Биыл жастар күнін мерекелеу идеясы «Жастар – бірге!» ұранына негізделген. Біз жастар күнін өткізуге көптеген ұйымның басын қосқалы отырмыз. Бұл айтулы күнді жастардың өзі жоғары деңгейде атап өтетініне сенеміз. Сондықтан 18 ірі іс-шараны ұйымдастыруға 25-тен астам түрлі ұйым, қоғамдық пікір көшбасшылары, жастар көшбасшылары тартылып отыр», – дейді ол.

«Жастар – елге» атты бірінші бағыт бойынша қайырымдылық және еріктілер ак-

ЖАСТАР КҮНІ – жарқын істердің бастауы



цияларын өткізу жоспарлануда. Осы бағыт бойынша іс-шаралар тұрақты негізде өткізілетін болады. Басты назар қазір өткізіліп жатқан 7-ден 9-ға дейінгі іс-шараларға аударылады. Екінші бағыт «Жастар – мемлекет дамуының негізгі драйвері» деген атпен көрініс таппақ. «Ассамблея жастары» Алматы қалалық филиалының басшысы Рустам Қайыров «Қазақстан жастары – креатив амбассадоры» аясында жастар арасында креативті индустрия мен креативті ойлауды дамыту бойынша тегін семинарлар мен тре-

нингтер өткізілетінін атап өтті. Сондай-ақ, бірқатар қайырымдылық және экологиялық акциялар өтеді. Сонымен қатар, «Болашақтағы топ 20 мамандық» кәсіби бағдарлау іс-шарасын өткізу жоспарлануда. Жастар алдағы 10–15 жылда сұранысқа ие болатын өзекті мамандықтар туралы хабардар болады. Бірақ ең маңызды іс-шара жастар күні қарсаңында «Бірлік» спорт фестивалі болмақ. 11-12 тамыз аралығында қалада ауқымды фестивальдар мен концерттік бағдарламалар өтеді.

2

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №94 (6387) 8 тамыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ҚАЗАҚСТАН ДЕМОГРАФИЯСЫ

Түркі тілдес халық саны өсіп келеді



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде 3 ұлттық санақ өтті. Бұл санақтар сол заманның саясатына қарай түрлі әдіснама негізінде жүргізілді. Әсіресе, халықтың этникалық құрамына қатысты статистикаға саяси фактор әсер етті. Мемлекет құраушы қазақ этносының өз елінде аз халыққа айналуы басты себеп еді. Уақыт өте келе, санақ нәтижелері қазақ этносының санының ұдайы өсіп жатқанын көрсетті. Оған Ұлттық статистика бюросының мәліметтерін талдау арқылы көз жеткіздік.

3

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.08.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде 15-20 м/с

9.08.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

АҚШ-ҚЫТАЙ ТЕКЕТИРЕСІ:

ӘЛЕМДІК АЛПАУЫТТАР
ӘСКЕРИ ҚУАТЫН АРТТЫРЫП ОТЫР

АҚШ пен Қытайдың қорғаныс саласына бөлетін қаржысы едәуір артып келеді. Құрама Штаттар тұтас әлем елдерінің қорғаныс бюджетінің 40 пайызына тең қаражат бөледі. Бұл дегеніміз, өзінен кейінгі 15 елдің қаржысын қосқандағы сомаға жуық. Бірақ соған қарамастан, шығыстағы көршіміз соңғы 8 жыл ішінде қорғаныс шығындарына бөлетін қаржысын толассыз көбейтіп келеді. Сарапшылардың пікірінше, Қытайдың әскери салаға бөлген қаржысының артуы Құрама Штаттармен жақын арада теңеспесе де, бұл Вашингтонға үлкен қысым түсіреді деп санайды. Себебі, АҚШ әлемдегі өз басымдығын сақтап тұру үшін тіпті де мол ресурстарын жұмсауына тура келмек.

АҚШ ПЕН ҚЫТАЙ
АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМА

Жасырағы жоқ, Қытайдың әскери саланы инвестициялауы ұдайы Батыстың бақылауында болды. Ал Бейжің сол Батыс елдерінің көз алдында қорғаныс бюджетін әлемдегі екінші орынға дейін көтеріп алды. Бұл жағдай кейбір батыстық сыншылар айтатындай, «Қытай қорғаныс бюджеті «Қытай қауіпімен» бірге өсіп шықты» дегенге келеді. Вашингтон жыл сайын қорғанысқа жұмсайтын қаржысы жағынан әлемде теңдессіз. 858 миллиард доллар, яғни Қытай бюджетінен 4 есеге көп. Ал қорғаныс шығынын халық санына шаққанда Қытай АҚШ-тың 16/1-ге тең болады.

Бұған қоса, шетелдерде әскери базасы ең көп ел де – АҚШ. Әлемнің 80 елінде 750 шамасындағы әскери базасы бар. Оларда 173 000 әскерін орналастырған (ел ішіндегі әскер санынан тыс). Батысты алаңдататыны – Бейжіңнің бұл жағындағы тұрақты өсімді ұстап тұруы. Айталық, 2022-2023 жылдары Бейжің қорғаныс бюджетін тұрақты түрде



Қолжазды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

7,1 және 7,2 пайызбен көбейтті. Биыл наурызда Бейжің қорғаныс шығындарына 224,79 миллиард АҚШ долларын бөлді.

ҚЫТАЙ ШЕТЕЛДЕ ӘСКЕРИ
БАЗАЛАРЫН ҚҰРА БАСТАЙ МА?

Бейжің өзінің қорғаныс саясатын тек «қорғаныс сипатта» деп көрсетеді. Былайша айтқанда, ресми Бейжің «ешқашан гегемонияға, экспансияға немесе ықпал ету аясына ұмтылмаймыз» деген сөзді келтіреді. Дегенмен, тұрақты түрде өсіп келе жатқан қорғаныс бюджеті жақын 5 жыл ішінде Қытайдың әскери ықпалын шетелге дейін кеңейтуі мүмкін деген болжамға итермелейді. Айталық, АҚШ-тағы Уильям мен Мэри колледжінің ғылыми-зерттеу мекемесі AidData жаңа зерттеу қорытындысын жариялады. Онда Қытайдың соңғы 20 жылдағы әскери саладағы инвестициясы мен шетелдегі порттарға, инфрақұрылымға салған инвестициялары бағаланған. Бағалау нәтижесіне қарай отырып, Қытай алдағы 2 не 5 жыл ішінде мына жерлерде әскери базалар ашуы мүмкін деп болжады: Хамбантота (Шри-Ланка), Бата (Гвинея), Гвадар (Пәкістан), Криби (Камерун), Реам (Камбоджа), Лу-

ганвилл (Вануату) Накала (Мозамбик) және Нуакшот (Мавритания).

Бұл болжамды жасау үшін AidData сарапшылары соңғы 20 жыл ішінде Қытай тарапынан инвестицияланған 46 елдегі порттарды жіті зерттеген. Осы елдерде Қытай 123 теңіз портына жалпы құны 29,9 миллиард АҚШ доллары шамасындағы инвестиция салған. Бұдан тыс, инвестиция деңгейі, стратегиялық орналасу, порт көлемі мен су тереңдігі, сондай-ақ Бейжіңнің сол елдермен қарым-қатынасы сынды көрсеткіштер бойынша анықталған.

Сарапшылардың болжауынша, Шри-Ланкадағы Хамбантота порты алғашқылардың бірі болып Қытайдың әскери базасына айналуы мүмкін. Себебі, мұндай 2,19 миллиард долларды құрайтын ең үлкен порт инвестициясы салынған. Әрі Бейжің нысанды тікелей бақылап келеді. Жоғарыдағы сегіз порттың ішінде төртеуі Африка елдерінде, олар Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асыруда да аса үлкен маңызға ие. Бейжің өз авторлығындағы бұл жобаны түбегейлі жүзеге асыру үшін бұл орындарда үлкен тәуекелдерге баруы да мүмкін.

АҚШ-ТЫҢ

«АРТҚЫ АУЛАСЫНА ТҮСУ»

Америкалық зерттеушілердің назарын аудартқан бір мәселе бар. Қытай геостратегиялық ойындарда АҚШ-тың «артқы ауласы» саналатын Кариб теңізіндегі және Латын Америкасындағы елдерге қарқынды инвестициялар салуда. Осы аймақтарда 20-ға жуық мемлекет Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жобасына ынталы тұр. Бұл ынтаны Бейжің өзіне тиімді пайдалана отырып, Куба, Вене-суэла, Антигуа мен Барбуда, Бразилия, Панама каналындағы порттарға және өзге де инфрақұрылымдарға үлкен көлемде инвестиция салуда. Бұл инвестициялар болашақта әскери қорғауды қажет етуі бек мүмкін.

Қазірге Қытайдың шетелдегі жалғыз әскери базасы Джибутиде орналасқан. Мұны АҚШ-тың 750 базасымен салыстыруға келмейді. Дегенмен, қазіргі қарқынмен ұлғайған жағдайда, Қытай 30 жылда Құрама Штаттармен тең шетелдік базаларға ие болуы мүмкін. Өйткені, Бейжіңнің әлемдегі ірі порттар мен су жолдарына салған инвестициясы жоғары деңгейде. Зерттеуде Қытайдың теңіз активтері қосарлы мақсатта қолданылатыны баса айтылған. Әскери кемелер саны бойынша барлық түрдегі кемелерді құрастыратыны және Қытайдың ешбір шетелдегі әскери альянстардың мүшесі емес екендігі де қаперге алынған. Бұның бәрі Бейжіңді шетелдегі базаларды дамытуға итермелеуі мүмкін. Тіпті, болжамдық мүмкіндіктері бойынша АҚШ-ты қуып жететіні де айтылады.

Қытайдың ішкі әскери өндірісін, модернизациялаудағы қарқынын қарай отырып, 2030 жылға дейін Қытайда 5 ұшақ тасымал кемесі болады деген болжам айтылған. Бірер жыл бұрын айтылған болжам расқа айналып келеді, бытыр ғана Қытай үшінші ұшақ тасымал кемесін сынақ мерзімінде теңізге шығарды. Бұл Қытайдың аса маңызды стратегиялық активінің бірі. Себебі, алыс теңіз-мұхиттарда әскери іс-қимылдарды жүргізудегі мүмкіндіктерін арттырады. Қазіргі жағдайдан қарағанда, АҚШ пен Қытай сынды ірі державалар арасындағы бәсекенің теңіз-мұхитқа көбірек белсенді болуы біз үшін тиімді. Бірақ оған шектескен шағын елдер үшін ұдайы өсіп келе жатқан қатерді бақылап отыруға тура келеді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



КЕЗДЕСУ



СЕНАТОР ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСТІ

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары – тұрақты комиссиялардың төрағалары ҚР Парламенті Сенатының депутаты Сұлтанбек Мәкежановпен көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйінде кездесті.

М.Әуезовтің мұражай-үйі мен ғылыми орталық депутаттардың кездесу және пікір алмасу алаңына айналды. Кездесу қатысушылары ұлы қазақ жазушысының өмірі мен шығармашылығының тарихына үңілуге мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, халық қалаулылары мәдениет пен білім беру саласындағы бірлескен ынтымақтастықтың маңызды мәселелері мен перспективаларын талқылады.

Депутаттар институт басшылығымен кездесіп, бүгінгі ғылым-білімнің даму барысы туралы өз ойларымен бөлісті. ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі К.Матыжанов ко-

нактарға институттың тыныс-тіршілігімен таныстырып, Сенат депутаты С.А. Мәкежановқа М.Әуезовтің 5 томдық тандамалы шығармалар жинағын табыстады.

– Ғылымның дамығаны – адамзат үшін жақсы. Ал ғалымдар мен қоғамның алдында жүрген адамдардың тізе қосып іс қылғаны нұр үстіне нұр. Сондықтан заңғар жазушы Мұхтар Әуезов тұрған қасиетті қара шаңырақтың орны бөлек. Осында ғылым, мәдениет, әдебиет, фольклор және т.б. тақырыптардың ортаға салынғандығы қуантады. Жақсы істер молынан болсын, – деді фольклортанушы-ғалым Кенжехан Матыжанов.

БРИФИНГ

(Басы 1-бетте)

Халықаралық жастар күнінде NEET санатындағы жастарға ерекше көңіл бөлінетін болады. Мәселен, «БазарNees» подкасты іске қосылатын болады. Жоба авторларының айтуынша, олар білімі не тұрақты жұмысы жоқ жастарды әңгімеге тартып, олардың мәселелеріне үңіліп, түрлі тақырыптар бойынша пікірлерін тыңдайтын болады.

«Өздеріңіз білетіндей, подкасттар белгілі бір салада жетістікке жеткен адамдардың қатысуымен, олармен сұхбат арқылы жүргізіледі. Біздің подкастың мақсаты – еңбек адамдарымен, базарда жұмыс істейтін қарапайым қала тұрғындарымен байланыс орнату. Олардың арасында көптеген жастар бар. Олардың қызметі туралы көбірек білгіміз келеді, сонымен қатар олардың мақсатын, ойын тыңдау біз үшін маңызды. Айта кету керек, қоғамда болып жатқан көптеген оқиғалар туралы ақпарат әрқашан көпшілікке дұрыс жете бермейді. Біздің ойымызша, жас жігіттер мен қыздар базарда таңертеңнен қас қарайғанға дейін жұмыс істей отырып, әрдайым қажетті ақпарат ала бермейді. Осы подкасты түсіріп, жастармен көзбе-көз жүздесе отырып, біз оларға мемлекет тарапынан жастарға арналған түрлі мүмкіндіктер мен бағдарламалар туралы айтқымыз келеді», – дейді «Jaidarman» РҚБ Алматы қалалық филиалының директоры Ондасын Құлымбетов.

Бұл жоба тамыз айының ортасында басталады деп жоспарлануда. Подкасты Jaidarman ойыншылары

ЖАСТАР КҮНІ –
жарқын істердің бастауы

Сурет ғаламтордан алынды.

жүргізеді. Спикер атап өткендей, оларға қарапайым еңбек адамдары – сатушы, жүк тасушы және күзетшілерді әңгімеге тарту қиын болмайды.

«Жайдарман» ойындары әлеуметтік лифт екені белгілі. Жалпы, біздің талдауымыз бойынша біздің негізгі көрермендеріміз – NEET санатындағы жастар. «Жайдарман» ойындарында ойнайтын да, қызығатын да өзіміз секілді ауылдың жастары және олардың саны жылдан-жылға артуда. Біз, яғни «Жайдарман» ойыншылары үшін осы жастармен байланыс орнату маңызды. Осылайша біз ортада байланыстырушы

көпір болғымыз келеді, белгілі бір жастар тобын құрып, олармен кері байланыс орнатқымыз келеді. Осы бағытта алғашқы қадамдарды жасап жатырмыз, нәтижесін жақын арада көресіздер», – деді спикер.

Жастарға сергектік, күш-қуат, қуаныш, шаттық тән. Сондықтан Халықаралық жастар күні жақсы өтетіні анық. Өйткені, бұл күннің иесі – өздері, яғни жалынды жастар. Ауқымды мереке туралы толығырақ Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының әлеуметтік парақшаларынан және jaisalmaty.kz сайтынан білуге болады.



БАЙЫПТАМА

ҚАЗАҚСТАН ДЕМОГРАФИЯСЫ

Түркі тілдес халық саны өсіп келеді

(Басы 1-бетте)

Санақ –
саясаттың жалғасы

Қатардағы азамат санақ не үшін қажет деп сұрауы мүмкін. Тіпті, оған қарсылары да бар. Олардың басты аргументі қыруар қаражат кетеді дегенге саяды. Ал шындығында, халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайы, тіл, сенімі және өзге де сұрақтар мемлекеттің саясаттың алдағы 10 жылда қайда бағыт алатынына жауап береді. Әсіресе, біз секілді полиэтникалық мемлекет үшін санақ жүргізіп отыру маңызды.

1991 жылдан бері елімізде 1999, 2009 және 2021 жылдары ұлттық санақ өтті. Соңғы санақ 2019 жылы өтуі тиіс болатын. Алайда, күрделі экономикалық жағдай мен пандемия оны кейінге шегеруге мәжбүр етті.

Барлық ұлттық санақ нәтижесі көрсеткендей саны жағынан елімізде 7 үлкен этнос өкілдері бар. Оларға қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар мен немістер кіреді.

1999 және 2009 жылдардағы санақтарда тұтас этностардың саны мен өсімі көрсетілді. Ал 2021 жылғы санақта халықтың этникалық құрамы өңірлер бойынша да бөлінді. Мұндай талпыныс 1999 жылы да жасалған. Алайда, тек қазақтардың өңірлердегі саны ғана есептелген. Мұның да саяси астары болды. Мемлекет 1999 жылы іштей бөлінушіліктің алдын алу үшін өңірлер бойынша этникалық құрамды көрсеткен жоқ. 2009 жылғы санақта да ол көрсетілмеді.

2021 жылы барлығы 14 өңір мен 3 республикалық маңызы бар қалада сауалнама өтті. Өңірлер бойынша этникалық құрамды көрсету, мемлекеттің бұл бағыттағы саясатының өзгергенінің айғағы.

Қазақтар, өзбектер мен
ұйғырлардың саны өсуде


2021 жылғы ұлттық санақ бойынша қазақтардың саны 13,5 млн-ға таяп қалған. Бұл 2009 жылмен салыстырғанда, 34%-ға көп. Мұндай өсім 2009 жылы да тіркелген. 1999 жылмен салыстырғанда, мемлекет құраушы этностың саны 26%-ға өскен.

Жоғары өсімді өзбек этносы да көрсетіп келеді. 2021 жылы олар 614 мыңнан асты. 2009 жылмен салыстырғанда, 34%-ға өскен. Осылайша өсім көрсеткіші бойынша қазақ этносымен теңесті. Айта кететіні, 2009 жылы оған дейінгі санақпен салыстырғанда өсім көрсеткіші 23,3%-ды құрап еді.

Өсім бойынша ұйғыр этносы да жақсы нәтиже көрсетуде. 2021 жылы олардың саны 290 мыңнан асты. Алдыңғы санақпен салыстырғанда, өсім 29%-ды құрады. 1999 жылғы санақ нәтижесімен салыстырғанда, бұл өте жақсы көрсеткіш. Себебі, 2009 жылы 6,8%-ға өсіп еді.

Татарлар 2009 жылғы санақта төмен нәтиже көрсеткенімен, соңғы нәтижелері жаман емес. 1999 жылмен салыстырғанда, 18%-ға азайса, 2021 жылы 7%-ға өскен. Десе де, жалпы соңғы 20 жылда олардың саны азаюда.

Орыс этносының саны соңғы 30 жылда екі есеге кеміген. 1989 жылғы Кеңес үкіметі кезінде жүргізілген санақта олардың саны 6 млн-нан астам болған. Ал 2021 жылғы санақта 3 млн-ға жетпеді. Оған 1990 жылдардағы миграция мен туу көрсеткішінің аз болуы әсер етіп отыр. 2009 жылы 4,4 млн болып, 1999 жылмен салыстырғанда, 15%-ға азайған. Ал 2021 жылы 21%-ға төмендеген.



Этностар	2021 жылғы саны	2009 жылғы санақ 1999 жылмен салыстырғандағы өсім	2021 жылғы санақ 2009 жылмен салыстырғандағы өсім
Қазақтар	13 497 891	26%	34%
Орыстар	2 981 946	– 15,3%	– 21%
Өзбектер	614 047	23,3%	34%
Украиндар	387 327	– 39,1	16%
Ұйғырлар	290 337	6,8%	29%
Татарлар	218 653	– 18%	7%
Немістер	226 092	– 49,5%	27%

Орыс этносымен бірге украиндар мен немістердің де саны төмендеген. 2009 жылы ТОП 7 этностың ішінде саны жағынан ең азайғаны немістер. Олар 1999 жылмен салыстырғанда, 50%-ға жуық төмендеген. 2021 жылғы 27% өсімнің өзі 1999 жылғы көрсеткішке жетпейді.

Қазақтардың саны
өңірлерде басым

1999 жылғы санақ бойынша қазақтардың саны өңірлерде әр алуан болған. Республика бойынша халықтың 53,4%-ын қазақтар құраған. Өңірлерде де жағдай мәз емес еді. Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, БҚО, Қызылорда, Маңғыстау

және ОҚО (қазір Түркістан облысы мен Шымкент қаласы) облыстарында қазақтардың үлесі 50%-дан астам болды. Ақмола, Қостанай, Павлодар және СҚО мен Қарағанды облыстарында мемлекет құраушы этностың саны 40%-ға жетпеді. Астана мен Алматы қалаларында да жағдай нашар еді.

Әйтсе де, титулды этностың өсімінде оң өзгеріс байқалды. Себебі, 1989 жылғы жағдай бұдан да нашар болатын. Республикада 40%, қалған өңірлерде де осыған сай төмен көрсеткіш еді.

Ал 2021 жылы мүлдем басқа этникалық картина қалыптасты. Қазақ, өзбек және ұйғыр этностары тек республика бойынша емес, өңірлерде де жақсы өсімді көрсетті. 2009 жылмен салыстырғанда, қазақтар

	1989 (жалпы халықтың ішінен, пайызбен)	1999 (жалпы халықтың ішінен, пайызбен)
Республика бойынша	40,1	53,4
Ақмола облысы	25,1	37,5
Ақтөбе облысы	70,7	55,6
Алматы облысы	45,1	59,4
Атырау облысы	79,8	89
ШҚО	38,9	48,5
Жамбыл облысы	48,8	64,8
БҚО	55,8	64,7
Қарағанды облысы	25,8	37,5
Қостанай облысы	22,9	30,9
Қызылорда облысы	87,8	94,2
Маңғыстау облысы	50,9	78,7
Павлодар облысы	28,5	38,6
СҚО	22,6	29,6
ОҚО	55,8	67,8
Астана	17,7	41,8
Алматы	23,8	38,5

қарқынды өсуде. Олардың өсіміне қатысты мәліметтерді сараптай келе келесі қорытындыларды шығаруға болады:

Біріншіден, Астана (ол кезде «Нұр-Сұлтан»), Алматы және Шымкент қалаларындағы қазақтардың саны күрт артқан. Мысалы, 1989 жылы Астанада тұратын қазақтардың үлесі 18%-ға жетпеген. Алматыда 24%-ға жетер-жетпес. Ал 10 жылдан кейін олардың үлесі 40%-ға жеткен. Оған қазақтардың осы қалаларға үдере көшуі себеп болып отыр. Әсіресе, Астанаға көшу процесі тоқтар емес. Бұл жергілікті билік және мемлекет тарапынан урбанизация мәселесіне көңіл бөлуі талап етеді.

Екіншіден, әлі күнге дейін Солтүстік Қазақстан облысы мен Шығыс Қазақстан облысында өсім төмен. 2009 жылмен салыстырғанда, СҚО-да 2%, ал ШҚО-да 8%-дық өсім тіркелген. Соған қарағанда, Шығыс Қазақстанды екі облысқа бөлу туралы шешім бекерге қабылданған жоқ.

Өзбек этносының көп бөлігі Түркістан және Жамбыл облыстарында қоныстанған. Түркістан облысында 362 мыңнан асса, Жамбылда 29 мыңға жақын. Өсім көрсеткіші де жоғары. Ал ұйғырлардың басым бөлігі Алматы облысы мен Алматы қаласында өмір сүреді. Облыста 162 мыңнан асса, қалада 112 мыңнан астам.

Өңірлер	2009 жылмен салыстырғандағы өсім (%)
Ақмола облысы	25%
Ақтөбе облысы	28%
Алматы облысы	34%
Атырау облысы	35%
ШҚО	8%
Жамбыл облысы	22%
БҚО	22%
Қарағанды облысы	21%
Қостанай облысы	12%
Қызылорда облысы	21%
Маңғыстау облысы	57%
Павлодар облысы	20%
СҚО	2%
Түркістан облысы	16%
Астана (Нұр-Сұлтан)	136%
Алматы	66%
Шымкент	76%

● ТҮЙІН

Жалпы алғанда, этникалық өсім солтүстік өңірлерде төмен. Бұл мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлетін мәселе екені сөзсіз. Мұнда әсіресе, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына назар аудару қажет. Себебі, тұрғындардың әл-ауқаты өңірдегі түрлі саладағы дау-жанжалдардың туындауына әсер етеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЫСТЫҚ СУ
БОЛМАЙДЫ

Ыстық сумен жабдықтау қызметі бойынша уақытша шектеулер бүгіннен бастап Алматы қаласының бес ауданының аумағында сегменттік түрде енгізіледі.



Ыстық су мына көшелер мен тұрғын үйлердің тізбегінде орналасқан ғимараттарға берілмейді:

Түркісіб ауданы: 7–11 тамыз аралығында – Сейфуллин даңғылы-Терехин-Дулатов-Ақан сері көшелері; 21–25 тамыз аралығында – Физкультурная-Аймауытов-Щербаков-Чехов көшелері;

Жетісу ауданы: 21–25 тамыз аралығында – Беспак-Жансүгіров-Жұмабаев-Омаров көшелері;

Наурызбай ауданы: 7–8 тамыз аралығында – Жүнісов-Райымбек-Алтын Орда-Абай көшелері;

Медеу ауданы: 14–18 тамыз аралығында – Блок-Үштөбе-Тәтібеков-Гурилев көшелері; 14–9 тамыз аралығында – Казачка өзені-Құлжа трактісі-«Атырау-1» ықшамауданы.

Алатау ауданы: 7–21 тамыз аралығында Алатау ауданының аумағында орналасқан бірқатар тұрғын үй мен өзге де ғимараттарды ыстық сумен жабдықтайтын «Алматы-жылукоммунаэнерго» ЖШС қазандықтарында жоспарлы жөндеу жұмысын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін су беруді уақытша шектейтін болады.

Уақытша шектеу Бауыржан Момышұлы – Арқалық – БАҚ көшесінің шығысындағы (солтүстік жағы) көшелердің тізбегінде шектеледі. Уақытша қолайсыздыққа түсіністікпен қарауды сұраймыз.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС.



БӘРЕКЕЛДІ!

ТАҒЫ БІР АУЛА
АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Балаларға арналған ойын алаңы ашылды

Алмалы ауданының аулаішілік аумақтарын күрделі жөндеу аясында Шевченко көшесі, 123 мекенжайы бойынша аула жөндеу жұмысы аяқталды.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жөндеу аясында асфальт жабыны мен жиектерді бөлшектеу және монтаждау, жарықтандыруды, қоршауларды орнату, балалар ойын алаңдары, аралас алаң (3-тен 1-ге дейін), тренажерлер, workout, резеңке жабынды төсеу және құнарлы топырақты толтыру жұмыс түрлері жүргізілді.

Балалардың ойын алаңдары жас санаттары бойынша бөлінді. Сондай-ақ, жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде тұрғындардың пікірі ескерілді.

– Бірқатар жұмыстар қолға алынды. Алмалы ауданындағы аулаларды шетінен ретке келтіріп, жөндеуден өткізіп жатырмыз. Игі істердің бәрі тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне негізделген, – деді Алмалы ауданының әкімі Айдар Жөкібаев.

Сонымен бірге, тұрғындар да өзінің көңіл күйімен



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

бөлісті. Жасалған жақсылықтарға байланысты ізгі тілектерін жеткізді.

– Біз ауламыздың жөнделгеніне қуаныштымыз. Бұрынғыға қарағанда жаңарып, жақсарып қалды. Ең бастысы, балалар ойнауға ыңғайлы етіп салынған. Осындай игі істер көбейіп, қаламыз гүлденіп, еліміз өркендей берсін, – деді қала тұрғыны Гүлнар Өркенбаева.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫ

бекітілген уақыттан ерте бітеді

Негізгі магистральды көшелерді орташа жөндеу жұмысы бекітілген уақыттан ерте аяқталады: Абай мен әл-Фараби даңғылдарында жөнделетін бірнеше бөлік қалды.



Айнабай
МӘДИ

Қаладағы негізгі даңғылдарда көлік қозғалысы бекітілген кестеге сәйкес, 31 тамызда бітуі керек-тін. Алайда, жөндеу жұмысы 20 тамызға дейін аяқталады деп жоспарлануда. Әл-Фараби даңғылының оңтүстік бөлігінде жұмыс толығымен аяқталып, солтүстік бөлігінде Достық даңғылынан Қожанов көшесіне дейін жөнделді.

Абай даңғылында екі мердігер ұйым қатар жұмыс істеуде. Батыс бағытта Достық даңғылынан Розыбакиев көшесіне дейін жөндеу жұмысы аяқталып, көлік қозғалысы ашылды. Ал шығыс бағытта Наурызбай батыр көшесінен Достық даңғылына дейінгі соңғы бөлік жөнделеді.

Жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін патрульдік полиция қызметкерлері қамтамасыз етті. Реверсивті көлік қозғалысы кезінде әл-Фараби даңғылында жылдамдықты 40 км/сағ шектеу туралы белгі қойылып, жолақтар конусты



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

фишкалармен белгіленді. Реверсивті қозғалыс алдында екі жақтан көлік ағынын бөліп тұратын металл турникеттер қойылды.

Жол жөндеу жұмыстары жайлы соңғы жаңалықтар қала әкімдігі мен қалалық Мобильділік басқармасының ресми парақшаларында, Алматы жол телеграм арнасында, сонымен қатар, 2ГИС пен Яндекс карта қосымшаларында қолжетімді. Айта кетерлігі, Алматыдағы магистральдық көшелерге жол төсемін төсеуде алғаш рет жаңа технология қолданылды. Асфальтбетондардың құрамында полимерлер

қолданылуда. Мұндай қоспалар тозуға төзімді, жұмсару температурасы жоғары (65–70°C), ыстыққа төтеп беріп, әлдеқайда ұзағырақ қызмет етеді. 5 жылдың орнына 8–10 жыл пайдалануға жарамды.

«Жол жөндеу жұмысы биылғы жоспарланған жұмыстар аясында жүргізілуде. Уақытша қолайсыздық үшін кешірім өтінеміз. Бұл – қала жолдарына ұзағырақ пайдалануға қажетті шара. Маршрутты алдын ала жоспарлап алған жөн», деп мәлімдеді Алматы қалалық Мобильділік басқармасы.

ЖАҢА ЕРЕЖЕ

Осының негізінде иттер мен мысықтарды міндетті есепке алу көзделген. Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі мәлім етті.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ
ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ

Бұл ереже биыл
1 қыркүйектен бастап
күшіне енеді

Аталған заңның 11-бабының 2-тармағына сай, үй жануарларын есепке алуды жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласында емдеу-алдын алу кәсіпкерлік қызметін іске асыратын жеке немесе үкіметтік емес заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы орган мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сай, жануарларды есепке алу жөніндегі ақпараттық жүйені айқындайды. Сондықтан деректер базасының қызметін пысықтау мәселесімен азаматтар жергілікті әкімдікке жүгінуге құқылы. Сонымен бірге, заңнамаға сай, жануардың иесі не оған жауапты тұлға есепке алу бұйымын (құралын) анықтайды. Үй жануарлары чип арқылы есепке алынады.

А.ҚЫДЫР.



БЖЗҚ-мен БІР КҮН

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ – сенімді қаржы институты

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының басты миссиясы – зейнетақы жинақтарын сенімді есепке алу және әрбір салымшыға қолжетімді, сапалы зейнетақы қызметтерін көрсету. Қор ең бірінші кезекте әр адамның, яғни БЖЗҚ салымшыларының мүддесін көздейді. Сол салымшылардың қаражатына шашау шығармай не болып отырған, тиісті қаржылық қызметтер көрсетіп келе жатқан «БЖЗҚ» АҚ-ның Алматы қаласындағы филиалының бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай? Кейінгі жылдары қандай тың жаңалықтар орын алды? Біз филиал жұмысымен жақын танысу үшін аталған іргелі мекемеге ат басын бұрдық.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

ЕҢ ТАНЫМАЛ ҚЫЗМЕТ ТҮРІ

«БЖЗҚ» АҚ-ның Алматы қалалық филиалында күнделікті жұмыс күні таңертеңгілік лездемеден басталады. Онда филиал директоры Нұрлан Слямбекұлы Әміренов қызметкерлеріне әрбір тұтынушыға сапалы қызмет көрсете отырып, зейнетақы заңнамасына енгізілген өзгерістерді, жаңа қызметтерді жан-жақты түсіндіруді міндеттейді. Сәйкесінше, әрбір қызметкер келушілерді жылы жүзбен қарсы алып, қажетті қызметтерді көрсетіп, сұрақтарына жауап береді және зейнетақы жүйесінде болып жатқан өзгерістермен таныстырады. Яғни филиал қызметкерлерінің әдеттегі жұмыс күні Қор кеңселерінде және олардан тыс жерде

арналған қызмет көрсету орталықтарында дербес қызмет көрсетіледі, – дейді филиал басшысы Нұрлан Слямбекұлы.

Шалғайдағы елдімекендерде тұратын салымшыларға БЖЗҚ қызметтерін «Қазпошта» арқылы алуға да жағдай жасалған. Мәселен, 2021 жылдың желтоқсанынан бері Қарасай ауданы Шамалған станциясының және Іле ауданы Жетіген кентінің тұрғындары зейнетақы жинағы туралы мәліметтерді білу үшін жергілікті «Қазпошта» бөлімшесіне жүгіне алады.

– Биылғы сәуір айынан бастап Жамбыл ауданының Қарғалы, Райымбек ауданының Нарынқол, Еңбекшіқазақ ауданының Бәйдібек би және Балқаш ауданының Бақанас ауылдарында «Қазпоштань» тағы төрт нүктесі іске қосылды. Ұлттық пошта операторымен бірлескен жобаның нәтижесінде



шектеулі адамдарға арналған. Барлық қажетті техникалық құралдармен жарақталған «Мобильді агент» арқылы барып қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері жыл басынан бері 6 мыңнан астам операция жүргізген.

Жалпы, қай санаттағы адам болмасын, барлық салымшы БЖЗҚ сайтынан және ұялы қосымшасынан тәулік бойына кез келген жерде отырып, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алып, деректемелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, болашақ зейнетақысының мөлшерін шамалап есептеуіне болады. Яғни бұл қызметтің бәрі ашық, әрдайым қолжетімді деген сөз.

еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру, өмірлік қиын жағдайлар туындаған кездегі көмек сынды бірқатар мәселені қамтиды. Ал бұл құқықтық актіде зейнетақы жүйесіне қатысушы салымшыларға қандай мүмкіндіктер берілген?

– Әлеуметтік кодекс зейнетақы жүйесіне қатысушы салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін арттырады. Сол мүмкіндіктердің бір бөлігі – салымшылар өз активтерін басқару құқығын кеңейте алады. Нақтырақ айтсақ, енді салымшылардың міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ)

Бұл ретте мемлекет зейнетақы жинақтарының сақталу кепілдігін жинақтардың ҚР Ұлттық Банкінің қарамағындағы бөлігіне ғана беретінін атап өткен жөн. Ал жеке басқаруға берілетін зейнетақы жинақтарының сақталуына және олардың табыстылығына салымшы таңдаған компания жауапты болады. Сондықтан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аудармас бұрын, нарықтағы басқарушы компаниялардың қолданыстағы тізбесін қарап, олардың БЖЗҚ сайтындағы инвестициялық декларацияларын, инвестициялық қызметтеріне жасалған шолуларды зерделеп, таңдалған жеке компанияның тәжірибесі және жұмыс нәтижелерімен танысып, ықтимал тәуекелдерді мұқият ескерген жөн. Бұл жөнінде БЖЗҚ сайтынан толығырақ танысуға болады.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Жаңа кодексте ұсынылған іс-шаралар әлеуметтік қорғау жүйесін қайта жүктеуге, оны халықаралық стандарттарға сәйкес етіп оңтайландыруға мүмкіндік береді. Зейнетке еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан азаматтар емделу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін өз жинақтарын толық көлемде пайдалана алады. Бұл санатқа әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдшерлік қызметтің қызметкерлері жатады. Қалған зейнеткерлер, егер олардың зейнетақы төлемдерінің мөлшері 40% төмен емес деңгейдегі табысты алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, жоғарыда аталған мақсаттарға міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 50%-ға дейін пайдалану құқығын сақтайды.

Осы кодексте БЖЗҚ-ның міндеттеріне жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын тарту қосымша жүктелгенінен хабардармыз. Бұл туралы филиал басшысы Н.Әміренов:

– Иә, Әлеуметтік кодексте тағы бір жаңалық – 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-ның міндеттеріне қосымша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) тарту жүктеліп отыр. ЖМЗЖ тек 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған жұмыскерлер үшін жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады және жұмыскердің ай сайынғы табысынан: 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,5% мөлшерінде белгіленіп, 2028 жылы 5% жеткенге дейін жыл сайын 1% ұлғайып отырады. ЖМЗЖ-ны осылай кезек-кезеңмен енгізу жұмыс берушіге түсетін жүктемені жеңілдетуге мүмкіндік береді, – деді.



Қордың салымшыларына (алушыларына) жинақтаушы зейнетақы жүйесі аясында білікті және сапалы қызмет көрсетуден басталады.

Биылғы жарты жылдың қорытындысы бойынша Қордағы ең танымал қызмет – жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпарат алу. Жалпы, БЖЗҚ қызметтерінің 93 пайыздан астамы онлайн форматта көрсетіледі.

БІЗДЕ БӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ

– Біздің филиал қызметкерлері қаладағы Әуезов, Түркісіб және Алмалы аудандарының аумағында орналасқан 3 операциялық бөлімшеде еңбек етеді. Операторларымыз күн сайын 600-ден астам қызмет көрсетеді. Мұнда 28 маман, ал барып қызмет көрсететін бөлімде 11 адам өз міндеттерін абыроймен атқарып келеді. Біздің Қордың қызметі мегаполистен тыс аймақтарға да қолжетімді. Нақтырақ айтсақ, Есік, Қаскелен, Талғар, Қонаев қалаларындағы, Өтеген батыр, Ұзынағаш, Шонжы, Кеген ауылдарындағы салымшыларымызға

Қор салымшылары шалғайда тұрып та жеке деректемелеріне өзгерістер немесе толықтырулар енгізе алады, – дейді Нұрлан Әміренов.

ӘЛЕУМЕТКЕ ЖАҚЫНБЫЗ

Иә, Қор салымшылардың өз жинақтары туралы ақпаратты жылдам алуы үшін барынша жағдай жасап келеді. БЖЗҚ қызметтері тәулік бойына, кез келген жерде қолжетімді болуы үшін 2021 жылдың жазынан бастап Қор мамандары Алматыдағы Достық даңғылы, 85 мекенжайында орналасқан «Әлеуметтік қызметтер үйінде» де салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсете бастады. Онда да зейнетақы жүйесінің барлық бағыты бойынша толыққанды қызметтер көрсетіледі.

БЖЗҚ Алматы филиалының барып қызмет көрсету бөлімінің бастығы Айгүл Бимурзаева бізге Қордың «Мобильді агент» қызметі туралы айтып берді. Бұл қызмет Қордың кеңсесіне денсаулығына байланысты өздігінен келе алмайтын тұтынушыларға, яғни I және II топтағы мүмкіндігі

Бүгінгі күні БЖЗҚ-ның Алматы қаласы филиалында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылған 1 740 070 жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) бар. Бұл көрсеткіш МЗЖ аударатын Қор салымшыларының жалпы үлесінің 16% астамын құрайды. Жеке шоттарда шамамен 3 триллион теңге жинақталған.

Бұдан басқа, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен ашылған 36 238 ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының көлемі 18 миллиард теңгеден асты. Сондай-ақ, қазіргі күні ерікті зейнетақы жарналарын тарту бойынша да жұмыстар белсенді жүргізілуде. Бұл бағытта филиал қорында бүгінде 80 мыңға жуық ЖЗШ бар, олардағы жинақ сомасы 903 миллион теңгеден асады.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС МҮМКІНДІГІ

Баршамызға мәлім, биылғы 1 шілдеден бастап елімізде мүлдем тың жаңа жоба – Әлеуметтік кодекс күшіне енді. Бұл құжат адамды туғанынан бастап таяққа сүйенген шағына дейін әлеуметтік қолдау, жұмысқа орналасу,

есебінен зейнетақы жинақтарының 50%-дан аспайтын бөлігін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру мүмкіндігі бар. Ол үшін ең төменгі жеткіліктілік шегі ескерілмейді, басқарушы компанияны салымшы өз бетінше таңдай алады. Ал ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшылар зейнетақы жинақтарының 100% дейін ИПБ-ға бере алады, – дейді «БЖЗҚ» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Нұрлан Әміренов.

● ТҮЙІН:

Міне, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бүгінде сенімді қаржы институтына айналғанын көріп отырмыз. БЖЗҚ басшылығы мен қызметкерлері салымшылар және зейнетақы жинақтарын алушылар алдында Қор қызметін үнемі жетілдіріп отыруға, ресурстарды үнемді әрі ұтымды пайдалануға жауапты. 2022 жылы БЖЗҚ жаңа Корпоративтік даму стратегиясын қабылдаған болатын. Осы стратегия шеңберінде сервистерді одан әрі автоматтандыру, қызмет көрсетудің белсенді форматын дамыту бойынша жұмыстар қарқынды жалғасуда.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТҰРҒЫНДАР ТЫНЫШТЫҚ ҚАЛАЙДЫ

Кафе-мейрамханаларды тұрғын үйдің астына орналастыруға тыйым салу керек пе?



Алматыда бір үлкен проблема бар. Ол туралы талай айтылып та, жазылып та келеді. Шаһар тұрғындары бұдан әбден шаршады. Мегаполисте тұрғын үйлердің жер төлесі немесе бірінші қабаты түрлі ойын-сауық ордасына, кафе-ресторандарға толып тұр. Бильярд залдары, сауна, караоке-бар, шағын маркет, дүкен, сән салоны, тіпті жекеменшік медициналық орталықтарға да берілген. Енді қатты қойылған музыкадан, тамақ пен темекінің иісінен жоғары қабатта тұратын тұрғындар зардап шегіп отыр.

**Серік
ЖҰМАБАЕВ****ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ
САҚТАЛМАЙДЫ**

Өткенде ғана шаһарда 40-тан астам тұрғын бірінші қабатта орналасқан қоғамдық тамақтану орындарына шағымданды. Өз ісіне немқұрайлы қарайтын кәсіпкерлер оларға қолайсыздық тудырып қана қоймай, өміріне қауіп төндіріп жатқанын жеткізді. Тұрғындардың айтуынша, қайта жабдықталған тамақтану орындарында қарапайым қауіпсіздік шаралары сақталмайды. Газ құбырлары сорғыштардың астына салынып, өрт қаупі жағдайын тудырады. Онымен қоса, коммуналдық желілерге жүктеме артады. Тұрғындарға арналған ауладағы қоқыс жәшіктерін сол кафелер мен мейрамханалар пайдаланады. Алайда, қоқыс контейнерлері мұндай көп қалдыққа арналмағандықтан тез толып, ернеуінен асып жатады. Осыдан кейін тұрғындар түрлі тиісті органдарға шағымданады.

— Мен бірінші қабатта орналасқан мейрамханамен көп жылдан бері күресіп келемін. Өндірістік желдеткіштер, генератордың шуы миды жеп қояды. Онымен қоса, темекінің түтіні мен асудың шыққан жағымсыз иіс қолқаны қабады. Терезені ашу мүмкін емес. Әсіресе, карт адамдарға қиын болып жатыр. Сондай-ақ, олар пәтер мен жер төлені бұзып, аумағын кеңейтіп, қай-

та жабдықтады. Бұл 1950 жылы салынған ғимараттың сейсмикалық төзімділігіне қатер төндіруі мүмкін. Осы туралы қайда шағымданақ та, нәтиже жоқ. Олар тек әкімшілік жазамен құтылып кетеді, — дейді қала тұрғыны Тұралы Нұрланұлы.

**МАСТАРДЫҢ АЙҚАЙЫ,
ТӨБЕЛЕСІ БАСТАЛАДЫ**

Шынында да, былай қарап тұрсақ, ойын-сауық мекемелері мен қоғамдық тамақтану орындарын тұрғын үйлердің астына орналастыруға тыйым салмай болмайтын секілді. Өйткені, мұндай мекемелер заңмен белгіленген нормаларды сақтамайды. Тіпті, олардың іргелес аумақтарды басып алып, жазғы террасалар тұрғызатыны жиі байқалады. Кейін оны қала құрылысын бақылау басқармасы сот арқылы бұздырып жатады. Онымен қоса, тұрғындардың өзінің көлігі сыймай тұрған аулаға кафе-ресторанға келген көліктер сығылысып тұрып алады. Одан кейін түнде аулаларда шу, мастардың айқайы, төбелесі басталады. Бұл тұрғындардың жүйкесін жұқартатыны сөзсіз. Түнде тастаған темекінің тұқылы да аулаларда толып жатады. Оны мекеме иелері тазаламайды. Бұдан шығатын жалғыз жол — кафе-ресторандарды тұрғын үйдің астына орналастыруға тыйым салу.

Негізі, тұрғындар мен кәсіпкерлер арасындағы дау-жанжал Алматыда жиі болып тұрады. Бірақ елімізде шағын және орта бизнес

нысандарын тексеруге бірнеше рет мораторий жарияланған. Өкінішке орай, осы жағдайдан кейін көптеген кәсіпкерлер тіпті қарапайым нормалар мен ережелерді ескермейтін болды. Енді мораторий енгізілді екен деп, кәсіпкерлер білгенін істей беруіне бола ма? Азаматтардың тұрғын үйлердегі қауіпсіз және қолайлы өмір сүру ортасына деген конституциялық құқы қашанғы таптала бермек?..

Қалай десек те, тұрғындардың жазбаша талабы бойынша тұрғын үйлердегі тамақтану объектілеріне тексеру жүргізілуі керек. Оған барлық пәтер иелерінің өкілі қатыстырылуы тиіс. Сондай-ақ, ондай жерде орналасқан кафе-ресторандардың ішінде темекі, кальян, электронды шылым тартуға тыйым салған жөн. Музыканың да бақырып шығуына шектеу қойған дұрыс. Сонымен бірге, тұрғын үйдегі қоғамдық тамақтану орындарын өрт қаупі жосары нысандардың қатарына жатқызып, оларға өрт сөндіру келісімдерін беру шартын қатаңдату қажет.



Түнде мазаны алса, не істеу керек?

Пәтерді жөндеу, көңілді отырыстар, қатты музыка, бей-маза үй жануарлары — осының барлығы Әкімшілік кодекстің бабының бұзылуына себебі бола алады. Үнемі емес, тек түнгі уақытта — 22-ден таңғы 9-ға дейін.

Егер сіз жоғарыда айтылған жағдайлардың бірімен бетпе-бет келсеңіз, не істеу керек? Бірінші кезекте өзіңіздің көңіліңіз толмай-тынын ауызша айтасыз. Мысалы, музыканың даусы қатты қойылмауын сұрайсыз. Егер ауызша өтініштен кейін шу басылмаса, аталмыш жағдайда құқықтық тәртіп қызметінің көмегіне жүгінесіз.

ҚР Әкімшілік кодексінің «Тыныштықты бұзу» 437-бабына сәйкес: жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын-жайда және оның сыртында шұғыл қажеттілікпен байланысы жоқ шу шығаратын жұмыстарды жүргізу, сол сияқты тұрғын ғимараттарда және тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарының жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін тыныштықты бұзуы жеке тұлғаларға — 5, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — 30, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне — 100 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол әрекет жеке тұлғаларға — 10, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — 60, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне — 150 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Сіз қалалық телефоннан 102, ұялы телефоннан 112 нөмірі бойынша қоңырау шалып полицияға жүгініп, учаскелік инспекторды шақыра аласыз. Инспектор әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы осындай істерді ҚР ӘҚБК (Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі) 685-бабының 2-тармағына сәйкес қарауға және ҚР ішкі істер органдары атынан әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Алайда, бұл күндізгі уақытта қалағанша шу шығаруға болады дегенді білдірмейді. Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық стандарттары әртүрлі үй-жайлар үшін шудың рұқсат етілген деңгейін белгілейді. Пәтерлердің тұрғын бөлмелері үшін бұл күндіз 40 дБ (ең көбі 55 дБ) және түнде 30 дБ (ең көбі 45 дБ) болуы қажет. Шу деңгейін өлшеу үшін азаматтар Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне жүгінуі керек. Олар бұзушылықтар анықталған жағдайда ӘҚБК-нің «халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу» 425-бабы бойынша әкімшілік хаттама жасап, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығара алады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Нұрғали ЖҰМАБЕКҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:**

ОЛАРДЫ ҚАЛАНЫҢ ШЕТІНЕ КӨШІРУ КЕРЕК

Ірі қалаларымызда ғана емес, облыс орталықтары мен аудандардағы шағын қалаларда тұрғын үйлердің астының барлығы түрлі мақсаттағы ойын-сауық нысандарына айналған. Қазір ондай жерлерде кафе-ресторандар қаптап кетті. Бұл ретте аталмыш нысандардың жасөспірімдер мен балаларға қызмет етпеуін арнайы орындар қадағалап отыруы тиіс. Керек десеңіз, сауна, ойын автоматтары, букмекерлік кеңселер мен бильярд залдарын тұрғын үйге жолатпау керек. Олар сол жердегі тұрғын үйлердің мазасын ғана алып қоймай, сол үйлердің балаларының да тәрбиесіне кері әсер етіп отыр. Тіпті, балалар ғана емес, бүгінде ересектер де адам психологиясына кері әсер ететін әлгі нысандардың тұтқынына айналуда. Сондай-ақ, бүгінде сауналардың да кез келген жерден ашылып, бейберекет жұмыс істей бастағаны алаңдатады. Оларға мүлдем бақылау жоқ. Саунадағы тәртіпті қадағалап отыруға тиісті полиция қызметкерлерінің өзі сауна иелерімен ауыз жаласып алғанына байланысты факт көп кездеседі. Сондықтан саунаны тұрғын үйдің астынан ғана емес, жалпы қаладан аластатқан жөн. Олар қаланың шетінде, елеусіздеу жерде орналасуы тиіс.

**Бақытбек ЖАҚЫПОВ,
кәсіпкер:**

ІРІ САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫНА ОЙЫСҚАН ДҰРЫС

Негізі, мен кәсіпкерлерге айтар едім, тұрғын үйдің бірінші қабатынан кафе ашу тиімсіз. Неге? Себебі, онда жұмыс уақыты шектеледі. Түнгі 11-ге дейін ғана жұмыс істей аласыз. Одан кейін жабуға тура келеді. Сосын тамақтану орнын ашқан соң, автономды сорғыш орнатасыз. Дуалды тесіп, құбыр шығару үшін тұрғындардың келісімін, қала құрылысын бақылау басқармасынан рұқсат алуың тиіс. Бір сөзбен айтқанда, көппәтерлі үйдің арасына техникалық сорғыш орнату қымбатқа түседі. Онымен қоймай, тұрғындардың шағымы мен тиісті органдардың үнемі тексерісі жүйкелді жұқартады. Бәрібір тұрғындар өздерінің тыныштығы үшін күресе береді. Халық сотқа дейін шағымданып қағаз, қаулы және сот шешімдерінің үйіндісіне көмілесіз. Осы керек пе? Қазір заң күшейіп келеді. Бұрынғыдай айыппұлмен құтылып кету қиын. Сондықтан лажды болса, ірі сауда орталықтарына, супермаркеттерге көшу қажет. Адамдар ондай жерлерге көп келеді. Бала-шағасымен қыдырады. Олардың жоқ дегенде 25–30 пайызы кафе мен мейрамханалардан тамақтанады. Осындай ірі сауда орталығына көшсеңіз, тұрғын үйдің ғимаратын бұзып шығындалмайсыз, көп қаражат жұмсамай-ақ, келушілерге қызмет көрсете аласыз. Ессесіне, жаныңыз тыныш болады. Пайда да табасыз. Ең бастысы, дұрыс орын тандап, адам көп жиналатын орталыққа жайғассаңыз, қызметіңізге жүгінетіндер аз болмайды.

**Асқар МҰРАТҰЛЫ,
инженер-энергетик:**

БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Қанша дегенмен, кез келген құрылыс нысаны бас жоспарда көрсетілуі керек. Барлық қаланың арнайы бас жоспары болады. Сонда барлығы талапқа сай алдын ала көрсетіліп, нақтылануы тиіс. Әр қаланың алдағы 15–20 жылдағы даму функциясына сай бәрі айшықталуы керек. Мұның сыртында бас жоспарда ескерілмей тұрғызылған нысандар заңсыз болып саналады. Бірақ кейінгі жылдары көптеген тұрғын үйдің асты түрлі ойын-сауық орындарына, саунаға, бильярд залына айналуы жиілеп кетті. Мұның барлығын қалалық әкімдікке қарасты Қала құрылыс бақылау мекемесі қадағалап отыруға міндетті. Алайда, бүгінде тұрғын үйлерде ойын-сауық ордасы азайып келеді деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Сондықтан осы саладағы болып жатқан заңсыздықтарды тыю үшін тиісті орындар тарапынан бақылауды күшейту қажет.

ӨМІР-ӨНЕГЕ



САХНА САҢЛАҒЫ

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері
Ғайникамал Байқошқарова 80 жасқа толды

Ғайникамал Мұқанқызы Байқошқарова Әуезов театрының дүркіреп тұрған кезінде 1974 жылы театрдың актерлік құрамына қабылданған. Оған Әзірбайжан Мәмбетов бастаған, театрдың алтын ғасырына айналған көпте еңбек ету бақыты бұйырды. Содан бері аттай елу жылға аяқ басыпты. Бекзат болмысты актриса талантты әрі тандаулы режиссерлермен еңбек етті.



– Театр сахнасында 100-ге жуық рөлді сомдадым. Әр режиссердің спектакльді қоюы, актерлармен жұмыс істеу бағыты сан қырлы болатын. Ұлы қоюшы-режиссер Әзірбайжан Мәмбетовтің спектакліне қатысу ғана емес, репетицияларында болудың өзі нағыз бақыт еді. Әзкеңнің репетициялары туралы қойын дәптеріме көп жазғанмын да. Әзкең сахнаға құдды бір ғарыш сияқты қарайтын. Дайындық басталғанда ерекше көңіл күйге түсетін. Көрнекті режиссер кейіпкерлердің костюм, киім киісі, жүріс-тұрысы, бәрі өз деңгейінде сай болуын талап етті. Кішкентай детальға дейін талқылады. Ұзақ дайындалып, осының бәрін бойларына сіңірген актерлар да бар жан-тәнімен дайындалды. Мұндай репетициялардан өту, сондай рөлдер ойнау арман ғой! Әзкең бүкіл театр камын ойлайтын. Біздер тіпті театрға жақындағанда Мәмбетовтің рухын сезінетінбіз. Бойыңды бірден жиып аласың. Сол кездерде Әзірбайжан Мәмбетов қатан тәртіпті талап ететін, – дейді Ғ. Байқошқарова.

Ғайникамал апай Әзірбайжан Мәмбетовтің қойған спектакльдерінде көптеген рөлдерді сомдаған. Солардың бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қобыланды», «Ақ кеме», «Көктөбедегі кездесу», «Беу, қыздар-ай!», «Қарагөз», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Кемелер мен көлеңкелер», «Абай» және т.б. рөлдерді сомдаған.

«Ш.Айтматовтың «Ақ кемесі» бойынша Әзкең қойған спектакльде Гүлжамалдың рөлін орындадым. Қойылымды Әзкеңнің туған әпкесі Аққағаз Мәмбетова апай көріпті. «Сен спектакльдің ырғағына дәл түссің. Ритмді керемет сезінесің. Сахнада ойнамайсың, өмір сүресің», – деп мақтады. Рөл әрқалай шығады ғой. Сол күні ерекше шықса керек. Сахна серіктестеріммен қашанда жақсы, сыйлас-тық қарым-қатынаста болдым, әлі де солай. Адамдар бір-бірімен жарасымды, гармониялы қарым-қатынаста бола білуі – мәдениет», – дейді актриса.

ҚАЙСАР МІНЕЗДІ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Ғайникамал апайдың балалық шағы қиырдағы қазақ ауылында өтті. Әкесі Мұқан Байқошқарұлы мен анасы Гүлфарида Мұсатайқызының өмірі де өнегелі. Ол заманда теледидар жоқ. Ауылға ара-тұра кино ғана келіп тұрады. Онда да кілең орыс тілінде. «Бродияга», «Госпадин 420» сияқты үнді фильмдері.

Дегенмен, өмірдің өз заңдылығы бар. Кейіпкеріміз алпысыншы

жылдардың басында, ол кезде екінің бірінің қолы жете бермейтін Алматы Медицина институтына түскен. Алайда, үш жыл оқығаннан соң оны тастап кетеді. Себебі, әлдебір газеттен «Консерваторияның актерлар дайындайтын бөліміне «Хадиша Бөкеева актерлар қабыл-



дайды» деген хабарландыруды оқиды. Осылайша жас бойжеткеннің көңілі нілдей бұзылады. Сол кезде театр директорының орынбасары болып істейтін жақын ағасына келеді де: «Аға, менің дәрігер емес, актриса болғым келеді» деп ішкі сырын ақтарады. Институтта оқып жүрген қарындасының бұл сөзі ағасына онша ұнай қоймайды. «Одан да бастаған оқуыңды бітірмейсің бе?» деген сөз естиді. Дегенмен, мұндайда беттен қайтса, оның несі қайсарлық? Жас бойжеткен алған бетінен қайтпайды.

Осылайша ағасы қарындасын Фарида Шәріпованың алдына алып келеді. Фарида апасы Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» драмасындағы Толғанайдың «Құс жолы» монологын жаттап алуға кеңес береді. Сол жерде-ақ актриса болудың кейбір әліпбиімен таныстырады. «Біраз дайындалып, алып кел» деп шығарып салады. Осы бір тырнақалды қадамнан соң әлгі ағасы Ғайникамалды Сәбира Майқановаға алып барған. Мединститутты оқып жатқан қыздың оқуын тастап, актриса боламын деген ниетін Сәбира апасы да онша құптай қоймаған. Ақыры Ғайникамал қыз бұл сөзге де тоқтамайды. Дегенмен, қазақ өнерінде есімдері алтын әріппен жазылған осы екі актриса апасының батасы дарыды ма, Ғайникамал актерлік бөлімге түсіп кеткен.

Ең қызығы, осы бір тұстарда жас қыздың ойы кинематография саласына да ауған. Көп ұзамай өз ақшасымен айды аспаннан шығарып, Мәскеудегі ВГИК-ке оқуға

түсуге жол тартады. Алайда, бойжеткеннің арманы орындалмады. Сол кезде Мәскеуде XII халықаралық кинофестиваль өтіп жатқан болатын. Сондықтан ВГИК-тің қабилдау емтихандары кейінге қалдырылыпты. Бұл жаңалыққа қапа болғанымен, Ғайникамал олжасыз емес еді. Өткірлігінің арқасы болар, Мәскеудегі кинофестивальға келген, қасына атағы дардай өнер тарландарының өзі жолай алмайтын, атағы айдай әлемге танымал Радж Капур, Марина Влади сияқты актерлармен суретке түсіп, қолтаңба алады.

Осылайша ол Құрманғазы атындағы Өнер консерваториясының актерлік факультетін Хадиша Бөкееваның тәлімгерлігімен 1965–1969 жылдар аралығында Әшірбек Сығай, Құман Тастанбеков, Рахиям Машурова, Әшірәлі Кенжеев секілді белгілі өнер қайраткерлерімен бірге бітірген.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ ЕРЕКШЕ

Ғайникамал Мұқанқызы өмір бойы өзін бабында ұстаған жан. 49 жасында Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» спектаклінің бас кейіпкері он екіде бір гүлі ашылмаған Қарагөзді ойнау бақытына ие болған.

– Меніңше, театр және кино актрисасы ұдайы сергек, бабында болуы шарт. Персонажымен бірге қайғырасың, бірге азап шегесің. Соның образына енесің. Сондықтан өзімнің кейінгі жас буынға үнемі сомдаған рөліңе сергек бол дейтінім осы, – дейді Ғайникамал Мұқанқызы.

Ғайникамал апайдың бабында болғанының арқасында «Қарагөзді» сахнадан тамашалаған небір адамдардың бірде-бірі жас айырмашылығын байқамаған. Тіпті, персонажға сәйкеспеушілік таба алмаған деседі. Театр сыншыларының пікірінше, Қарагөз образын Ғайникамал Байқошқарова шебер сомдап шығарған. Бұл да болса актрисаның кәсіби шеберлігін көрсетсе керек.

– «Қарагөз» рөлін сомдар алдында Ғайникамал менімен ақылдасып, өз ойларын айтып, көп пікірлесіп жүрдік. Сонда мен оның тағы бір қасиеті – аса зеректігін байқадым. «Қарагөз» рөлін ол, ең алдымен, театрдың Көркемдік кеңесінде көрсетті. Сол жолы кереметтей жайнап келгенін, нағыз Қарагөзді танытқанын ұмытпаймын. «Қарагөзді» көрермен қауым да аса жақсы қабылдады, – дейді Зәмзәгүл Шәріпова.

«ЖЫЛ АКТРИСАСЫ» АТАНДЫ

Ғайникамал Байқошқарова өзінің 80 жылдық мерейтойын Семей қаласы Аягөз ауданында атап өтті. Актрисаның жерлестерімен кездесуге келгені Семей төріндегі айтулы оқиға болды. Шығыс жұртшылығы өнер адамдарын пойыздан түсер сәтте қарсы алып, әсерлі әндерін шырқап, тәтті тағамдарын ұсынған. Ғайникамал Байқошқарованың өмірдегі, өнердегі әріптестері арнайы келіп, Абай театрында «Отыз ұлың болғанша...» спектаклін сахналады. Қойылым бас-талмас бұрын театр ұжымы БАҚ өкілдерімен жүздесіп, өнер әлемі, оқиғалардан түйген ой-пікірлерін ортаға салды.

– Туған жеріме араға 50 жыл салып, ат басын бұру бақыты бұйырды. Менің ең алдымен, мерейтойымды туған жерімде өткізуге келгенде Семейімнің Абай облысының орталығы мәртебесін иеленіп, даму жолына түскенін көріп, қуанып отырғанымды айтқым келеді.

Өнер жолы сахнаға, өз кәсібіне деген үлкен махаббатпен, жасампаз күш-қажырмен, таза жүрекпен нәрленген актрисаның өнегелі өмірі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Бетті әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



● СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

Еліміздің «2023–2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасында» студенттерге арналған жатақханаларды дамытудың барлық стратегиялық міндеті мен көрсеткіші жан-жақты қамтылған. Әсіресе, мұндағы 7 жыл ішіндегі болжамның өзі жатақхана мәселесінің едәуір шешілетінін көрсетеді. Жыл сайын жаңадан 10 мың орын ашылып отырса, жатақхана тапшылығы мәселесі шешімін табатын болады.

ЖАТАҚХАНА ТАПШЫЛЫҒЫ шешімін табуға тиіс

Алматыда еліміздің ең жоғары 36 оқу орны орналасқан. Қазіргі таңда осы оқу орындарында 188 мыңнан астам студент оқып жатса, оған биылғы оқуға түскен бірінші курстықтарды қосыңыз. Осыдан-ақ жатақхана тапшылығының өткір мәселе екенін аңғаруға болады. Дегенмен, тығырықтан шығу жолдары қарастырылып, қазір қаламызда бірнеше жатақхана құрылысы бой көтеріп жатыр. Жатақхана салудағы ең үлкен мәселе, қаражат емес, құрылысты салатын жер мәселесі болып отыр. Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Алматы қаласы әкімшілігінің арасындағы меморандум барысында өзекті мәселенің біразы шешіліп те қойды.

Қазақ білімінің қарашаңырағы әл-Фараби атындағы ұлттық университетте құрылыстың қадасы қағылып, жаңа жатақханалардың орны белгіленді. Құрылысты жүргізетін компаниялармен де келісім-шарт жасалды. Сәтін салса, жастар қалашығы аумағында алдағы 2026 жылға дейін 12 мың студентті қамтитын 12 бірдей жаңа жатақхана бой көтеретін болды. Сонымен қатар, дәл қазір Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенттері үшін 955 орынды және 1126 орынды екі жатақхана, Қазақстан инженерлік-техникалық университетінің студенттері үшін 1200 орынды, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы мен «Нархозда» жаңадан бой көтеріп жатқан жатақханалардың құрылысы қызу жүріп жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, еліміз бойынша 2025 жылға дейін 75 жаңа жатақхана салу жоспарланса, олардың 25-і Алматы қаласында салынатын болады.

Дәл қазір Алматы қаласында жоспардағы 25 жатақхананың 17-сінің құрылысы, 8 ескі жатақханаға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазақ-Британ техникалық университеті студенттеріне арналып салынып жатқан 980 орынды жатақхана құрылысының да аяқталу мерзімі таяу. Алматы қаласындағы жатақхана құрылысын салуға 93 инвестор ықылас танытса, әлі де ұсыныс білдірушілер бар.

● МЕЙІРІМ

ҚОЛЫҢНАН КЕЛСЕ, ҚАЙЫРЫМ ЕТ!

Мемлекет басшысы «Волонтерлік – патриотизмнің бір көрінісі» деп еріктілердің еңбегіне жоғары баға берген еді. Шындығында, қанында қайырымдылық пен мейірімділік тасыған ұлттың ұрпағы емеспіз бе, қашан да қолымыздағы барымызды бөлісіп, көмектескіміз келіп тұрады.

Қаламыздағы байырғы оқу орындарының бірі – Алматы Мемлекеттік бизнес колледжі жанынан құрылған «JÜREKTEN JÜREKKE» атты еріктілер қозғалысы да үнемі осындай сауапты істің ортасында жүреді.

Мәселен, ерікті-белсенділер №1 облыстық Балалар үйімен тығыз байланыс орнатқан. Осында жиі бас сұғып, іс-шаралар өткізіп, мекемедегі балалар мен қызметкерлерге қуаныш сыйлап қайтады.

– Біз ауладан енген бойда балалардың

● ТАЛАПКЕР

АҚЫСЫЗ ОҚУДЫҢ ЖЕТІ ЖОЛЫ

немесе грантты жеңіп алмағандарға не істеуге болады?

Кеше ғана грантпен оқуға түскен жастардың аты-жөні белгілі болып, «сүйіншілеткен», «алақайлаған» ағайынның қатары көбейгенін әлеуметтік желіден оқып, біліп отырмыз. Үлкен өмірге қадам басып, білім атты кемеңіз желкеніңіз көтерген балаларға да, аста-төк қуанып жатқан барлық ата-анаға да тілекшіміз. Ал грантқа ілікпей қалғандар не істейді? Экс-министр Асхат Аймағамбетов Facebook парақшасында білім грантына ілікпей қалған талапкерлерге ақысыз оқудың бірнеше жолын айтыпты.

«Грантты жеңіп алмағандарға не істеуге болады? Комменттерде және жекеме де осындай сұрақ көп қойылып жатыр. Сондықтан қысқаша өз ойымды жазайын.



Сурет галлатордан алынды.

Бастысы, әлі де грантты жеңіп алуға мүмкіндік бар. Неге?

Біріншіден, игерілмеген бірнеше мың грант қайтадан үйлестіріледі. Яғни грант алған талапкерлерден кейін тұрған талапкерлерге ҰБТ-да жинаған ұпай санына сәйкес беріледі. Соны күтуге болады.

Екіншіден, әкімдіктердің гранттары бар. Бірнеше мың грант жергілікті бюджеттен бөлінеді.

● ТӨЛЕМАҚЫ

АҚЫЛЫ МЕКТЕПТІҢ АҚЫСЫ ҚЫСҚАРАДЫ

Жекеменшік мектептердегі оқу ақысының тым қымбат екені белгілі. Ендігі жерде ақылы мектептерде білім алуға ата-аналар төлейтін төлемақы мөлшері 2 есеге қысқартылмақшы.



Мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын жекеменшік орта білім беру ұйымдарындағы оқуға ата-ана төлемақысының шекті мөлшеріне білім алушылардың тұру (интернаттық ұйымдар), оларды жекеменшік орта білім беру ұйымына жеткізу және (немесе) кері қарай тасымалдау, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарынан тыс қосымша білім беру қызметтері мен білім беру, сондай-ақ ерікті түрде жүзеге асырылатын білім алушылардың тамақтануы үшін төлемақы қосылмайды.

Бұған дейін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін жекеменшік ұйымдардағы ата-аналардың төлемақысы 1200 АЕК-ті, ал Халықаралық бакалавриат ұйымында авторландырудан немесе халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткен дербес әзірленген интеграцияланған білім беру бағдарламаларын іске асыратын жекеменшік ұйымдарда 2400 АЕК-ті құраған болатын.

● МАРАПАТ



«ДАРЫН» СЫЙЛЫҒЫ

35 жасқа дейінгі
қазақстандықтарға
беріледі

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының ережесіне тағы да өзгерту енгізуді жоспарлап отыр. Өзгертулер сыйлық табысталатын аталымдар мен марапаттау мерзіміне де қатысты.

Нақты айтқанда, «Қоғамдық қызметтің» орнына жаңа «Креативті бастамалар» аталымы енгізіледі. Сонымен қатар, «Дарын» сыйлығы енді келесі аталымдар бойынша табысталатын болады: Әдебиет, Ғылым, Дизайн және бейнелеу өнері, Журналистика, Классикалық музыка, Креативті бастамалар, Спорт, Театр және кино, Эстрада, Халық шығармашылығы.

Сонымен, еліміздің ең дарынды жасатарына берілетін «Дарын» сыйлығы Тәуелсіздік күніне орай табысталатын болды. Аталмыш сыйлықтың бұрындары Тәуелсіздік күніне орай беріліп келгені белгілі. 2022 жылы бұл мерзімді Республика күні – 25 қазанға ауыстыру туралы өзгеріс енгізілді. Дегенмен, «Дарын» сыйлығын табыстау мерзімін қайтадан Тәуелсіздік күніне ауыстыру жоспарланып отыр. Құжат 17 тамызға дейін көпшілік талқылауында болады. Сонымен қатар, жаңадан «Креативті бастамалар» аталымы енгізілмек.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



● ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

«МЕНІ ДЕ СОЛАРМЕН БІРГЕ АТЫҢДАР!» немесе «халық жаулары» қалай қудаланды?

1937 жылдың қараша айында Қазақстанда бұрын-соңды болмаған ұлы дүрбелең басталды. Ақ пен қараның аражігін ажыратуға мұршасы келмей қалған жұрт ішпей-жемей ақылынан адасты. Тарихымыздың ақтаңдақ беттерінің алғашқы парағында қанмен жазылып қалған бұл оқиға Қарағанды қаласында өткен. Зиялы қауым өкілдері топтасқан жерден шеткерілеу аймақ, негізінен, жұмысшы табы шоғырланған өндіріс орталығында ашық сот болды. Алты адам ату жазасына кесіліп, бір адам жиырма жылға сотталып кете барған.

Күні кеше білек сыбанып ел басында жүрген партия және қоғам қайраткерлерінің шын мәнінде не үшін жазаланғанын ешкім біле алмай қалды. Алайда, ашық сотты ұйымдастырушылар дегеніне жеткен. Ел арасында содан кейін-ақ «халық жауы» деген ұғым пайда болды.

Бар әлемді аяғынан тік тұрғызатын ұлы держава болу үшін Мәскеу ештеңеден тартынған емес. Басында күшпен орнаған социализмнің іргесін мықтап, керегесін кеңейте түсу үшін, көбіне, күшке салып, тізеге басатын. Мұндайда «кіші» халықтардың құрбан болатыны белгілі. Оның үстіне, ешқашан аяқ тартып көрмеген ұлы шовинистік саясат жасырын түрде болса да, басты орында тұрған. Осының барлығын бір қолда ұстап тұру үшін темірдей тәртіп орната алатын қаһарлы қанішер керек болды. Ал шындығында, мұның барлығы билік басында тұрған Сталиннің жеке өзіне ауадай қажет еді.



— Бұл қуғын-сүргін науқаны бір аяқ-астынан тап болған апат емес. Бұл Орталық партия комитеті, Саяси бюро басынан аяғына дейін, тіпті түрлі амалдарына дейін әбден ойластырып жасаған науқан еді. Қалай қамау керек, кімді қамау керек, қай жылы кімді ұстау керек деген сияқты детальдарына дейін есепке алынды. Оның авторы — Сталин. Оған дәлел ретінде мынадай деректі келтіруге болады: 1937 жылдың ақпан айында БКП(б)-ның Ақпан пленумы деген атакты пленум болды. Ондағы Сталиннің баяндамасында «О ликвидации последствий вредительские деятельности Троцкистов и правых уклонистов» делінген болатын. Сонда ереже бекітілді. Қалай алу керек, кімді алу керек, миллионы қанша, мыңы қанша, арнайы жоспарлап, тіпті бала-шағасына дейін есептелді. Міне, соның нәтижесі — Ресейден басталды, Қазақстанға келді. Шынын айтқанда, бұл науқан Қазақстанға кішкене кешігіп келетін еді, бірақ оны Сталиннің ұйымдастыруға асыққаны — Қазақстанды басқарып тұрған адам ол кезде Мирзоян еді, — деген болатын ұзақ-сонар әңгіме тиегін ағытқан Қарағандыда өткен сол кездегі ашық сотқа қатысушы Бекболат ата Мұстафин.

Қазақстанды басқарып отырған Мирзоян Сталинге ұнаған жоқ. Кезінде ол Сталинге қарсы дауыс берген еді. Саяси қуғын-сүргін науқанының біздің елде тез арада басталуы да сондықтан. Ол бізде жедел түрде басталып қана қойған жоқ, үлкен ұйымдастырушылықпен, жан-жақты жоспарланып өткізілді. Бұл науқанның асқан сақтықпен, үлкен есеппен жүргізілгендігі сонша, қазақтар бірін-бірі өздігінен ұстап беріп жатқандай көрінді. Ал шындығында, олай емес болатын. Алайда, оны дәлелдеу қиынның-қиыны еді. Мұның өзі қаралы саяси науқанның диттеген жерінен шыққандығын көрсетеді.

Саяси қуғын-сүргін бүкіл халықтың басына түскен ұлы қайғы болды. Бұл кезде ұлтымыздың бетке ұстар зиялылары ғана қалқып алып кеткен жоқ, жаппай қырып-

жоюмен пара-пар болған науқанда одан да әрегірек, тереңірекке қол созды. Халықты тілі мен құлақтан қатар айырып, ел есін жимай тұрғанда, ұлтымыздың тамырына балта шабуға тырысты.

— Осы Қарағандыда өткен ашық соттан бастап, яғни «Қазақстанда, шынында да, социализмге қарсы, ленинизмге қарсы ұйымдасқан қарсы топтар бар екен» деген хабарды халыққа жеткізіп алғаннан кейін бүкіл ел бойынша халық арасында жаппай «халық жауларын» әшкерелеу жалғасын таба бастады. Сол азапты жылдардың ішінде бүкіл еліміздің, халқымыздың маңдайалды бетке ұстар көсемдері мен ең алдыңғы қатарлы ұл-кыздарын қалағанынша қақпанға түсіре бастады. Түрмеде түрлі жолдармен азаптаудың нәтижесінде «кінәларын» мойындатты. Дәл сол жылдарда Қазақстанда 25 мың адам атылып, 103 мың адам қуғынға түскен екен. Сол жылдары саяси «қылмыскерлерді», олардың отбасыларын қамап, азаптау үшін ашылған Орта Азияның бес мемлекетіндегі 33 лагерьдің 23-і Қазақстанның жерінде болды. Мұның өзі Қазақстанда қандай үлкен науқан жүргізілгендігінің айғағы еді, — деді саяси қуғын-сүргін құрбандары қауымдастығы төрағасының орынбасары болған Жұмабек Ашуұлы.

Қарағандыда болған ашық сот сол кездегі саясаттың бүкіл қулық-сұмдығын ашып бере алады. Кеңес өкіметі орнаған кезден бастап бүкіл өмірін коммунистік партия үшін өткізіп келе жатқан облыс басшыларының аяқ-астынан «халық жауы» болып шыққанына, алдында, ел сеніп қалған болатын. Өйткені, сот барысында олар өздерінің үкіметке қарсы жүргізіп келе жатқан іс-шараларын ашық айтып, ел алдында өз айыптарын мойындарына алған. Алайда, барша жұрт алдында айыпталып отырған жеті адамның ішіндегі алты адамның сөзін бір адам кенеттен жоққа шығарады.

— Өзіне сөз бергенде, айыпталып отырған бір кісі: «Егер де осында сотқа келген адамдар мына түрме қабырғасының аржағындағы біздің көргенімізді көрсе, бізден де қатты сайрайтын еді. Осы халықтың алдына біздің тірі жанымыз ғана шықты. Мен өзімнің мойныма алғанымды қайтадан жоққа шығарамын, мойныма ештеңе де алмаймын. Мен өзім Семейдегі тері зауытында жұмысшы болып жұмыс істедім. Белсенді болдым, Кеңес өкіметіне берілген адаммын. Балашағам да сондай. Енді, міне, аяқастынан мен ит болдым, қарабет болып тұрмын халқымыз алдында» деп, еденге жатып алып, жылап, айғайды салды тура. Оны сөйлетпей, жүгіріп барып аузын басып, әбден масқара болды. Міне, репетиция... Сот не істерін білмей, «үзіліс, сот тоқтатылсын» деді амалсыз, — деді сонда, Қарағандыда өткен сол соттың барлық жұмысын үлкен ыждағаттықпен қадағалап отырған Бекболат Мұстафин аға.

Бұрын-соңды мұндай сұмдықты көрмеген жұрт өтіп жатқан ашық соттың аржағында не барын ол кезде шындап біле қойған жоқ. Дегенмен, өздеріне беймәлім бір сыр барын санасы сергек жұмысшылар сезе бастаған. Күбір-күбір, сыбыр-сыбыр көбейді. Алдында, бүкіл елге үлгі-өнеге болып жүрген облыс басшылары кінәларын мойындап сөз алғанда, отырған жұрт сілтідей тынып, қалай қабылдарын білмей қалғаны рас. Ел алдында жүрген озық ойлы үлкен кісілердің айтқандарын тыңдағанда, алғашында, «адам аласы ішінде» деген осы-ау» дегенге дейін барған еді.

— Асылбеков сөзді былай бастады: «Мен 1918 жылдан партия мүшесімін, бірақ коммунизмге сол жылдардан бастап-ақ қарсы болып шықтым. Мен бұл ағымды, бұл партияны, бұл саясатты халықтың ойынан шыққан, елдің көңілінен шыққан деп есептемеймін. Халықтың арасынан дұшпан әзірлейтін, елді бұлдіретін нағыз кертартпа партия деп санаймын» деп, әңгімені әріден қозғады. «Осынша жыл жұмыс істеп жүріп сонда сіз ойланбадыңыз ба?» деген сауалға ол: «Жоқ, ойландым» деді кесімді түрде. «Сонда не істеуге бел будыңыз?» десе, «Колхоз құрылысының жүрмеуіне, малдың қырылуына, әйтеуір осы ауыл шаруашылығындағы ұжымдастыру жұмыстарының бәріне қарсы әрекет жасауға тырыстым. Ол ғана емес, өзім мүшеге қабылдаған барлық адамға сондай тапсырма бердім. Сол жұмыстарды атқаруға барлығын жұмылдырдым. Мына отырған Нұрсейітов партия комитетінің екінші хатшысы ғой, ол мұны міндетті түрде орындайтын болды. Осылай астыртын келісіп алдық та, өзіміздің бағдарлама бойынша жұмыс істей бердік» деп, кәдімгідей, нық, сенімді түрде айтып берді, — деді басын шайқай сөйлеген Бекболат аға.

Бәрі өздерінде жоқ кінәларын мойындарына алуға мәжбүр болған алты адамның сөзін жалғыз адам жоққа шығарып тастағанда, сот процесі орта жолда үзіліп қалады. Кейіннен, екінші рет өткен ашық сотқа жағдайдың бәрін



естіген жұрт анталап, одан сайын көп жиналған. Бөрінің білгісі келетіні — соттың қалай үкім шығаратыны. Ұзамай ол да белгілі болады.

Үкім үш күннен кейін шыққан. Кінә тағылып отырған алты адамның бәрі ату жазасына кесіліп, Баймолдинге 20 жыл берілген. Сонда ол жанталаса айғайлап: «Құдай үшін, маған ату жазасын беріңізші, осы өтірікті айтып, басымда жиырма жыл тілеп алғанша, менің өлгім жақсы» деп, өзінің басын өзі соққылап, «Құдай-ау, өтірікте нем бар еді, сорлы басым-ай! Мыналардың бәрі өтірікті мойындап, бостан-босқа атылып жатыр. Мені де бірге атыңдар солармен! Маған бұлардан бөлініп, аман қалған жанымның керегі жоқ. Елімнен сұраймын, кешірім сұраймын. Мен шынында адал адаммын, «халық жауы» демендер мені! Жиырма жыл бергенше мені атып тастасын! Мен солардың ішінде кетейін, соған ризамын» дейді ызалана, сот үкімі шыққан кезде.

Сол кезде Қарағанды облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған Бекболат Мұстафиннің жасы жиырма сегізден енді асқан еді. Ашық соттың басынан аяғына дейін қатысып отырады. Ол «халық жауларынан» жауап алған ашық соттың куәгері ғана емес, бүкіл қуғын-сүргін науқанын өз басынан да өткерген жан болатын.

Осы үстіміздегі ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында мен әңгімелесуге үйіне барғанда, Бекболат Мұстафиннің жасы тоқсаннан асқан болатын. Сол кісінің өзі айтқандай, «халық жауларын» «анықтау» мақсатындағы тергеулер мен сот жүре бастаған сол 1937 жылдары облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болған Мұстафин Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің де мүшесі еді. Сол кезеңдерде жүргізілген бүкіл саяси науқанның басы-қасында жүрген оның да көзін құртпақ болған.

— Талай азапты басынан өткізген Бекең алғаш рет ату жазасына кесіледі. Ату жазасына кесіліп, сонау итжеккенде жүргенінде, 1943 жылы біраз адам лагерьден қапайды. Тек қана саяси қылмыскерлер қамалған үлкен темір тордың аржағынан есебін тауып қашып шығып, Бекболат аға Орал тауын асып кетіп барып құтылады. Бірге қашқандардың бәрінің соңынан түсіп жүріп ұстап алады, тергеу орындарының, ішкі істердің амал-айлаларын жақсы білетін Бекең ғана қолға түсе қоймайды. Қайтадан ұсталғандардың бәрін атып тастайды да, Бекеңді де солардың тізіміне қосып жібереді амалсыз. Бірақ кейіннен астыртын іздестіріп жүріп, бұл кісіні бәрібір қайтадан тауып алады да, екінші рет ату жазасына кеседі. Алайда, бұл ату жазасын да қайтадан айдауға кесіп, ол тағы да айдалып кете барады. Содан 1956 жылы атакты ХХ съезд өткенде ғана жағдай өзгереді. Сталиннің саясатын барынша әшкере етуге күш салған Н.С.Хрущев түрмеде жатқан, айдауда жүрген үлкен басшылықта болған адамдарды тірі куәгерлер ретінде жинастырып, съезге қатыстырады. Солардың ішінде осы Бекболат Мұстафин ағамыз болды. Осы съезде алпыстай адам ақталып шыққан болатын, соның бірі Бекболат аға еді, — деді қуғын-сүргін тарихын зерттеп-зерделеген Жұмабек Ашуұлы.

Қарағандыдағы соттан кейін сайқал саясат дегеніне жетіп, «халық жаулары» Қазақстанның түкпір-түкпірін табылып жатты. Ел арасына ірікті салуда алдына жан салмаған Мәскеудегілер өз ойларын жүзеге асыруды кейіннен тіпті онайлатып алған. «Үштіктің» ғана шешімімен, үкім-сотсыз-ақ талай адам қуғын-сүргін құрбаны болып кете барды. Осының бәрі, алғашында, осы Қарағандыдағы ашық соттан бастау алған еді. Ал бұл сот «ел арасында ұйымдасқан халық жаулары бар» дегенді ел санасына сіңіру үшін өткен болатын. Әне, мәселе қайда жатыр десеңізші.



Әнуарбек ӘУЕЛБЕК.



● ЭЛЕКТРОНДЫ КӨЛІК

САМОКАТ ТІЗГІНДЕУДІҢ ӘЛЕГІ

Электрсамокаттан оңбай құлаған жігіт бүйрегінен айырылды

Бұл оқиға терістіктегі көршімізде, дәлірек айтқанда, Новороссийскіде болған. 21 жастағы жігіт электрсамокаттан құлап, белін жарақаттап алды. Кейін қалалық ауруханаға түскен. Дәрігерлер зардап шегушіде ішкі ағзадан қан кету белгілері барын анықтаған.

Тексеру барысында жігіт электрсамокаттан құлаған кезде сол жақ бүйрегі екіге бөлініп кеткені белгілі болған. Органды қалпына келтіру мүмкін болмағандықтан, бүйректі алып тастауға тура келген. Отадан кейінгі кезең біркальпты өткен. Бірнеше күннен кейін жігіт үйіне шығарылды.

Біздің Алматыда да самокатпен серуендейтіндер көп. Олардың жол талғамайтындары да бар. Көбі велосюллер шығып алады. Жүйткіген сайын желдей

еседі. Құлап, жарақат алып жатқандары да аз емес. Құлап жатып, құқығын даулайтындары да бар.

Қоғамдық автокөліктердің жүрісіне кедергі жасап жатқандары туралы айтқанбыз. Оларды тегін арнайы оқыту курсына шақыртқандарды да білеміз. Құзырлы органның құлағына күміс сырға. Сірә, самокатшыларға да арнаулы жүргізу құқығы берілуі қажет-ау деп қаласың. Денсаулық – зор байлық. Абай болыңыздар, самокатшылар!

● ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

ҰШАҚ ПЕН ПОЙЫЗ

кешіккен жағдайда өтемақыны қалай өндіріп алуға болады?

Осы күні келетін пойыздардың немесе ұшақтардың кешігуіне етіміз өліп кеткендей. Алматыдан ұшатын ұшақ, жүретін пойыздар бірнеше сағатқа кешігеді. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Самат Мұсабаев Фейсбук парақшасында көлік кешіккен жағдайда жолаушылар тасымалымен айналысатын компаниядан ақшаның неше пайызын өндіруге болатыны жайлы жазба жариялады. Әлеуметтік желіге жарияланған осы жазбаның қысқаша нұсқасын оқырманға ұсынғанды жөн санадық.

«Бұл үшін не істеу керек? Реті былай:

1) Компанияның ресми сайтына кіресіз. Тікелей сілтеме: help.airastana.com. Осы жерге толық аты-жөніңізді, билет нөмірін, рейс нөмірі, ұшу уақыты қаншаға кешіккені және электрон поштаңызды жазасыз. Яғни шағым қалдырасыз.

2) support@help.airastana.com – тұтынушылардың қолдау бөлімінен жауап келеді, «сіздің шағымыңыз тіркелді» деген жауап болады және қосымша анкета жолданады. Осы анкетадағы сұрақтарға жауап бересіз. Аты-жөніңіз бен ақшаны қайтару үшін есепшот нөміріңізді жазасыз.

3) «Өтінішіңіз бойынша талап еткен өтемақы сомасы сіздің шотыңызға жіберілді» деген хабарлама келеді. Осылайша сіз Мәжіліс қабылдаған заңның игілігін көресіз!



Өз басымнан кешкен оқиға. Өзіміз енгізген ұсыныстың, қабылдаған заңның жұмыс істеп тұрғанын көріп, қуандым. Бірақ... Бірақ сол Едақаң (Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршинді айтып тұр – авт.) екеуіміз ұшқан рейспен Ақтауға 180 жолаушы келді. Солардың арасынан компанияға шағым түсіріп, өтемақы талап еткен жалғыз мен болармын. Егер сол 180 адамның әрқайсысы шағым жасап, кем дегенде 8-9 мың теңгеден өтемақы алатын болса, сол күні Air Astana кешіккен бір рейс үшін шамамен 1 440 000 теңгедей өтемақы төлеген болар еді... Әр рейс үшін бір жарым миллион төлеп отыру кімге ұнайды? Келесіде кешікпеуді үйренер еді!

Құрметті ағайын, бұл жазбам мақтан да емес, міндетсіну де емес. Бұл халқымыз заңның тетігін біліп, өзінің құқығын толығымен пайдаланса екен деген тілек! Егер осындай кішкентай

нәрселерден бастап талап ете білсек, алып компанияларды жауапкершілікке үйретеміз, бірте-бірте тұтас қоғамға өзгеріс әкелеміз. Бәрі өз қолымызда!».

Ал егер пойыз кешіккен жағдайда жолаушы қандай жеңілдікке ие болады? Пойыз кешіккен жағдайда, сіз өтемақы ала аласыз. Өтемақы алу үшін сіз баратын жеріңізге жеткен соң вокзалдағы кезекшіге жолығып, келу пунктіне қанша сағатқа кешігіп келгеніңіз жөнінде жол жүру құжатына (билетке) белгі қойдырып алуыңыз керек. Әрі қарай сіз осы құжатпен және жеке куәлігіңізбен заңға сай, өтемақы алу үшін кез келген ҚТЖ кассасына жүгіне аласыз. «Теміржол көлігі туралы» Заңның 80-бабы, 3-тармағына сай жолаушылар пойызы кешіктірілген әрбір сағат үшін билет құнының 3 пайыз мөлшерінде айыппұл төлеу көзделген.

● ТҰРМЫСТЫҚ ЗОМБЫЛЫҚ

АУЫР ҚЫЛМЫС АЗАЯР ЕМЕС



Алматы облысында ер адам кәмелетке толмаған қызды зорламақ болды деген күдікке ілінді. Ол қыздың өгей әкесі екені анықталды, – деп хабарлады Алматы облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Қарасай ауданының полиция басқармасына 1966 жылы туған Ж. кәмелетке толмаған қызын зорламақ болған ер адамға қатысты шара қолдануды сұрап жүгінген.

«Арыз ҚР Қылмыстық кодексінің 24-бабы 3-бөлігі, 120-бабы 3-1-бөлігі, 1-тармағы бойынша аудандық полицияның СДТБТ-ға тіркеліп, соталды тергеу амалдары басталды. Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында поли-

ция қызметкерлері 1981 жылы туған М.-ны анықтап, ұстады», – деді Алматы облыстық ПД бастығы, полиция полковнигі Бауыржан Әленов.

«Қазіргі уақытта күдікті ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 128-бабына сәйкес ұсталып, аудандық ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау абақтысына қамалды. Тергеу барысы ерекше бақылауға алынды», – деді полковник Б.Әленов.

Айта кетейік, осындай келеңсіз жағдай Астанада да орын алды. Бас қаланың Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соты Ақтау гарнизонының бұрынғы әскери қызметшісіне қатысты үкім шығарды.

ҚР Бас әскери прокуратураның баспасөз қызметі хабарламасында оған 11 жастағы қызын бірнеше рет зорлады деген айып тағылғаны мәлімдеді. «Сот үкімі бойынша, экс-әскери қызметкер ҚР ҚК-ның 120-бабы 4-бөлігі «Кәмелетке толмағанды зорлау», 121-бабы 4-бөлігі «Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері» және 124-бабы 3-бөлігі «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіздік мекемесінде қамауға ала отырып, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. Сондай-ақ, үкімде бұрынғы әскери қызметкерге қатысты химиялық кастрация түріндегі мәжбүрлеу шараларын қолдану қарастырылған», – делінген хабарламада. Сотталушының кінәсі жәбірленуші мен куәлардың айғағы, сот-медициналық сараптаманың қорытындысы мен қылмыстық істің басқа да материалдарымен толық дәлелденген. Сот жарыс-сөзінде мемлекеттік айыптаушы жасалған әрекеттердің ауырлығын ескере келе, сотталушыға өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын қолдану қажеттігі туралы бұлтартпас дәлелдер келтірді. Үкім заңды күшіне енген жоқ.

● ЗАҢ – БАРШАҒА ОРТАҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері алаяқтық және пара беруге итермелеу дерегі бойынша К.Алтаевқа қатысты соталды тергеуді аяқтады.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА

1 миллион АҚШ доллары көлемінде
пара беруге итермелеген ер адам
сотқа тартылды



Шамасы, бұл кісі бара бергенше, пара бергенді ұсынған. Оған кәсіпкерді аса ірі мөлшерде пара беруге итермелеп, Қарағанды облысындағы кен орнына жер қойнауын пайдалану келісім-шартын ұзарту үшін лауазымды тұлғаларға беру сылтауымен алдау арқылы 1 миллион АҚШ доллары сомасындағы ақшалай қаражатын жымқыруға әрекет жасады деген айып тағылды.

Айыпталушы К.Алтаевтың ісі сотқа берілді. Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес өзге ақпарат жария етуге жатпайды. Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына және Қылмыстық-процестік кодексінің 19-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқықбұзушылық жасаудағы кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін әрбір адам кінәсіз деп есептеледі.

Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДИ.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Туранга Групп» ЖШС «Бутаковқа шатқалындағы бір қабатты Визит-орталықты құрастырмалы-жиналмалы конструкциялармен орнатуды абаттандыру» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» материалы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдау 15.09.2023 жылы сағат 11.00-де Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бутаковқа шатқалы мекенжайы бойынша (мемлекеттік инспектордың қызмет үйі маңында) өтеді. Тыңдауларды ашық ауа форматында көзделіп отырған қызмет учаскесінде өткізу жоспарлануда.

Қызмет бастамашысы: «Туранга Групп» ЖШС, БСН 040740007554, тел.: 8 776 291 06 71, эл.пошта: adilzhanov.t@mail.ru
Құжаттама әзірлеушісі: ЖК «Большакова С.А.», ЖСН: 650502400199, эл.пошта: sbolshakova2@mail.ru, 7 (727) 354-11-33.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, сондай-ақ қорытындысы бойынша хаттамамен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: <https://ecoportal.kz>, сондай-ақ «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco?lang=ru>

Қосымша сұрақтар қоюға, сондай-ақ байланыс деректері бойынша құжаттардың көшірмелерін сұрауға болады: 8 776 291 06 71, adilzhanov.t@mail.ru

Ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: <https://ecoportal.kz>, эл.пошта: uprpr@mail.ru, сондай-ақ мына мекенжай бойынша: Алматы қ., Әуезов к-сі, 82.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ЖАҢА УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ПУНКТИ АШЫЛДЫ

Алматының Наурызбай ауданындағы Alem City-1 тұрғын үй кешенінде жаңа учаскелік полиция пункті ашылды. Құрылыс компаниясы тұрғын үй кешенінен полиция учаскесінің толықтай жұмыс істеуіне қажет заттармен жабдықталған 340 шаршы метр аумақты берді.



Айнабай
МӘДИ

«Тұрғын үй кешенінің ауласы мен кіреберісіне, іргелес аумаққа бейнекамералар орнатылды, бұл тәулік бойы қауіпсіздік пен тәртіпті бақылауға мүмкіндік береді. Аталған тұрғын үй кешенінде 6 мыңнан астам адам тұрады. Полиция пункттерін тұрғын үйдің өзінде орналастыру тәжірибесі 2021 жылдан бастап енгізілді. Мұндай жоба алғаш рет құрылыс компаниясы мен ПД арасында өтеусіз негізде іске асырылды», – деді ПМ ресми өкілі.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

КЕРЕК КЕҢЕС

ӘУЕЖАЙҒА ӘУ БАСТАН ӘЗІРЛЕНІҢІЗ

Әуежай қызметкерлері барлық жолаушыны жіті тексеруге міндетті. Сондықтан жолаушының білместігінен бір ереже бұзылса, тексеру ұзаққа созылады әрі бұл жүйкеге жүк түсірері анық. Базарлық алып барам деп, арандап қалмаңыз. Ет өнімдері тәрізді органикалық өнімдер әуежай қызметкерлері бақылап отырған экранда сары түспен көрсетіліп, қосымша сауал туындары сөзсіз.



Жүгіңізді ертерек өлшетіп қойыңыз. Жүкті әуежайдың тіркелу аумағында орналасқан таразыда өлшеткен жөн. Жүгіңіз артық болса, сөмкелердің ішіндегіні тең етіп бөлуге болады. Әйтпесе, артық ақша төлеуге тура келер.

Келбетіңізге мән беріңіз. Қажет шақта жылдам шешу үшін аяқкиімде бау, биік өкше болмағаны абзал. Үстіңізге қалтасы аз қарапайым киім киген жөн. Бұл металл тексерісі кезінде ыңғайлы. Сағат пен

шашка арналған темір бұйымдарды алдын ала шешіп қойған дұрыс.

Ұсақ заттарды қалта не кішкене сөмкеге жинап қойыңыз. Кілт пен телефонды қалта не ыққа аса салатын кішкене сөмкеге салыңыз. Оларды тексеру кезінде тез көрсетіп, тексеруден өткеннен кейін жылдам қайта орнына қоясыз. Осылайша әуежайда ұсақ-түйекке де мән берген жөн.

А.ТЕҢІЗБАЕВ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ОЙТАМШЫ

ҚОҢЫРАУ КҮТКЕН ҚАРИЯ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Шеберханаға таяғына сүйеніп қалт-құлт еткен қария кірді.
– Иә, айта беріңіз, ата!
– Балам, мына ұялы телефонымды жөндеп бере ғойшы, талайдан бері үнсіз, шырылдамайды.

Атаның телефонын ұстағаннан-ақ оның бұзылмағанын білген шебер:

– Ата, істеп тұр екен ғой, еш жерінде ақау жоқ, – деп кері қайтарғанда, әлгі қария:
– Ендеше, балам неге хабарласпай жатыр екен, көп болды, телефон соқпады.., – деп кемсендей жылап жіберген екен.

WhatsApp жағалап жүрген бұл әңгіме бәлкім сіздің де көзіңізге түскен болар, астарлы, ойлы дүние, ә?

Жұмысыңыз канша жерден қауырт болса да, жақындарыңызға қоңырау шалуға бар-жоғы екі минут жетіп жатыр. Күйкі тірлік ешқашан бітпейді. Тіпті, Facebook, Instagram, TikTok бетінде де сағаттап отыруға бармыз. Соның арасынан екі-үш минут уақыт табуға болады. Ниет керек ол үшін.

Мен, мәселен, қазір ғана осы жазбаны WhatsApp-тан оқи салып, біраздан бері сөйлеспей кеткен танысыма телефон шалып, жағдайын білдім, анасының, ауырықырап жүрген күйеуінің ден-саулығын сұрадым. Қуанып қалды. Өзің де



Сурет ғаламтордан алынды.

үлкен іс тындырғандай жеңілдеп, жадырап қаласың. «Көңіл көңілден су ішеді» деген рас сөз негізі.

Естеріңізде ме, танымал тележурналист Бейсен Құранбек көз жұмарының алдында Фейсбук парақшасына бір жазба жариялаған болатын. «Неге екенін білмеймін, кешірім сұрағым келді. Қарбаласпен жүріп талай жақын адамымның, достардың, туыстардың таныстардың көңілін қалдырдым. Қуанышына бара алмадым, қайғыда қасында бола

алмадым. Қазір ойлап отырсам, соның бәрінде өзімді «жұмыстан қол босамай жатыр ғой» деп ақтап алыппын. Көңіл дейтін өте нәзік, адам деген өте қымбат, өмір деген өте қысқа дүние екенін ұмыта жаздаппын... Кешіріңіздер!», – деген мәтінде.

Бейсен әріптесіміз үзілетінін сезген болар, елмен бақұлдасқаны болар. Ал «ертен, ертеңмен» жүріп қариямызға хабарласа алмай, ол кісі үзіліп кетсе, өкініштің ең үлкені сол болмақ.

Осы жерде тақырыпқа қатысы бар басқа бір мәселенің шеті шығып тұрғаны. Қазір «телефон алаяқтары», яғни онлайн отырып та қалтаңызды үптеп кететіндер қаптады. Олар көбіне беймезгіл уақытта қоңырау соғады. Тұтқаны әлгіндей телміріп баласынан бір хабар күтіп жүрген қария көтерсе, бітті дей беріңіз. Түн жарымында телефонның арғы жағынан біреу «Әке, мен ғой, ұлыңыз! Жол апатына түсіп қалдым. Қабырғам сынды. Тез ақша керек болып жатыр», – деп боздап қоя бергенде, ұйқылы-ояу қарт кісі қапелімде не істерін білмей, онсыз да жүрегінде алаң бар, тұтқаның арғы жағында тұрған адамның айтқанын істеп, қалтасындағы барын салып жібереді.

Ең қызығы сол, қазір жасанды интеллектінің көмегімен жақындарыңыздың даусымен қоңырау шалатындар да көбейген көрінеді. Сондықтан әсіресе, ата-анамыздың, қарттардың хал-жағдайын жиі біліп тұрайық. Және де таныс емес нөмірден алаяқтар түрлі оқиғаларды ойда кезде мейлінше салқынқанды болу керектігін айтып қойған жөн. Ал егер бөтен біреу қоңырау сокса, алдымен ұлға, қызына немесе немересіне хабарласып, мән-жайды біліп алғаны абзал.

Әңгімеміздің басындағы тақырыпқа қайта оралсақ, сіз бүгін телефонмен канша адаммен сөйлестіңіз?

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

ШӘКІРТТЕРІ ҰЗАТТЫ

Ұстазын ұзату тойында айтпай құттықтап барған, мейрамханаға жарқ етіп кіріп келген кішкентай балалар «Қазнетті» тәтті етті. Иә, әлеуметтік желіде сүйікті апайын арнайы құттықтап барған 2-сынып оқушыларының бейнежазбасы тарап, көпшілікті сүйсінтті.

Видеода алқалы жұрттың алдында тұрған қалыңдық-апайдың балаларды күтпегені, яғни бұл сәттің тосын сыйы болғаны көрініп тұр. Кішкентай балдырғандар той үстінде мұғалімге арнап әннен шашу шашты. Ұзатылған ұстаздың өзі де видеоға пікір жазып, алғысын білдірген.

«Мен 2020 жылдан бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа кірістім. Өте керемет ұжым. 2021 жылы маған 1 «г» сыныбы берілген болатын. Ата-аналарыммен де, балапандарыммен де бірігіп көптеген жұмыс істедік. Ата-аналарым өте белсенді болды. Барлық жағынан қолдай кететін. Мен тұрмысқа шығамын дегеннен бастап бір-бірімізді қимадық, жылап та алдық талай рет. Екі жыл аз уақыт емес. Сол уақыттың ішінде балапандарыңызды маған сеніп тапсырғандарыңызға алғысым шексіз. Сіздердей қолдаушысы бар шәкірттерімнің болашақта үлкен белестерді бағындыратынына сенімім мол. Әр оқушымның орны мен үшін бір төбе. Керемет тосын сыйды ұйымдастырып, өлеңнің сөзін жазып, оқушыларыма орындатқан



ата-аналарыма, оқушыларыма алғысым шексіз!», – деп ілтипатын білдірген мұғалім.

Желі қолданушыларының лебізінде де шек жоқ. «Бұл да бір еңбектің жанағаны. Ең бақытты отбасы болыңыздар!», «Өз ісін жан-тәнімен жақсы көретін ұстаз болып тұр ғой, балалар қатты құрметтеп жатыр», «Қандай керемет сезім! Осындай ұстаздар көп болса екен», «Адамның жақсысын ит пен бала біледі деген рас шығар», «Күшті, өзіңіз сол жақсылыққа лайықты болғаныңыз, бақытты болыңыздар!» деген тілектердің арасында видеодағы сәтке толқып кетіп, «Мен неге жылап отырмын» деп жазғандар да бар.

ҚОҚЫС ЖАНЫНДАҒЫ ФОТОСЕССИЯ



Әлеуметтік желіні той салтанатымен киінген қалыңдық пен жігіттің қоқыс арасында тұрып түскен суреттері шарлап жүр. Авторлардың айтуынша, бұл шын той алдындағы фотосессия емес.

Маңғыстаулық ағайынды Салиевтер, дәлірек айтсақ, біреуі эколог – Нұркен, ал екіншісі фотограф – Нұрбол қоғам назарын еліміздің экологиялық мәселесіне аударту үшін осындай өзгеше фотосуреттер жариялапты. Ағайынды жігіттің мақсаты, ерекше суреттердің айтқысы келгені – егер адамдар пластикті пайдалануды азайтып, қайта өңдеуді қолға алмаса, 2050 жылы тойдың қандай болатынын көрсету, яғни дабыл қағу.

«Біз қалдықтарды сұрыптау мәселесін шешпесек, пластмассаны пайдалануды тоқтатпасақ, 2050 жылы осындай көрініс болады. Мен өзім мамандығым бойынша экологтін. Бұл салада жеті жылға жуық жұмыс істеп келемін. Ағам екеуіміз қалдықтар мәселесін көтеру арқылы, болашақта не болатынын адамдарға көрсету үшін фотосуреттерді қолдануды шештік. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Идея көп, халқымыздың экологиялық мәдениетін көтергіміз келеді», – дейді Нұркен Салиев.

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа». Біз бүгін әлемдегі үйлену салттары туралы аз-кем айтамыз.

ҚАЛЫҢДЫҚ АЯҚКИІМІН ӨЗІ САТЫП АЛАДЫ

Шотландияда күйеу жақтың туыстары тойдан бір күн бұрын кеспе, сәбіз, май, сүт дейсіз бе, тағы да басқа тағамдарды араластырып ботқа жасайды да, қалыңдықтың үстіне байқаусызда құйып жібереді екен. Сосын болашақ келінін жуындырмастан ауыл-аймақты айналдырып жүргізеді. Үсті-басы әбден былғанған келінді адамның көбірек көргені жақсы ырымға балаанады. Оның мәнісі басынан мұндай қиындықты өткерген әйел отбасылық өмірде кездесетін барлық кедергіге төтеп береді деген сенімде жатыр деседі.



Лаоста той аяқталған соң жігіт қызды үйіне дейін көтеріп апарады. Олардың наным-сенімі бойынша, жаңа өмірге қадам басқан жас жұбайларды жол бойында теріс күштер күтіп тұрады. Олар екі жастың бірге екенін көрген соң, жаман ойларынан бас тартып, өз жөндеріне кетеді-мыс.

Кениялық күйеу жігіттер бал айы біткенше әйелінің киімін киіп жүреді. Бұл дәстүр ерлер қауымына әйел болудың қаншалықты қиын екендігін сездіру үшін ойлап табылған көрінеді.

Германияда үйлену тойында киетін туфлиді қалыңдық өзі кішкентайынан жинап жүрген ақшасына сатып алуға тиіс. Бұл болашақ келіннің ақшаны үнемдей алатынын әрі ұқыпты ұстайтынын көрсетеді екен. Той аяқталғаннан кейін жас жұбайлардың арамен бөрене кесетін ырымы тағы бар. Бұл жас жұбайлар отбасылық мәселелерді біріге отырып шеше алады деген ырым.

Үндістанда жастарға тек ата-анасы рұқсат еткен кезде және болашақ ерлі-зайыпты жұлдыз жорамал бойынша бір-біріне сәйкес келген уақытта ғана үйленуге рұқсат беріледі.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

